

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

БАКАЛАВРИАТ

5B012100- Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

Алматы, 2016

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

БАКАЛАВРИАТ

5B012100- Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

МАЗМҰНЫ

1. Бағалаудың өлшемдік технологиялары	4
2. Кәсіби орыс тілі	17
3. Кәсіби бағытталған шет тілі.....	28
4. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.....	36
5. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	53

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ВОТ 2205 Бағалаудың өлшемдік технологиялары

5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

2 кредит

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Қалыбаева Қ.С.— ф. ғ. д., профессор, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Қабатай Б.Т. – п. ғ. к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

ТҮСІНІК ХАТ

Пәннің мақсаты – білім алушыларға оқыту нәтижесін бағалаудың қазіргі құралдары, білім беру процесіндегі бағалаудың орны мен рөлі, критериалдық бағалау технологиясының моделі жайында түсінік беру.

Пәннің міндеттері:

- білім алушыларға бағалаудың түрлері және ұстанымдары жайында мағлұмат беру;
- бағалау кезеңдері және инструменттерін талдата меңгерту;
- критериалдық кесте-рубрикаторлары, форматтық бағалау және суммалық (ішкі және сыртқы) бағалаудың ерекшеліктерін түсіндіру;
- оқу бағдарламасы және оқу жоспарының (қысқа, орта, ұзақ) түрлері жайында ұғымдар қалыптастыру;
- портфолионың педагогикалық міндеттері, функциясы мен құрамы және оны қолданудың білік-дағдыларын игерту.

Білім бағдарламасындағы пәннің орны:

«Критериалды бағалау технологиясы» пәні арнайы пәндер модулінің міндетті пәндер компонентіне кіреді. Бұл пәнді меңгеруде студенттер жалпы білім беру және кәсіби пәндер модулінен оқитын пәндерден игерген білік, дағдыларына сүйенеді.

Пререквизиттер: «Педагогика», «Психология», «Зерттеу әдістері»

Постреквизиттер: «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Тәжірибе-1», «Тәжірибе-2», «Тәжірибе-3»

Пәнді меңгерудің нәтижесіне қойылатын талаптар:

Пәнді оқыту үрдісі **кәсіби құзыреттілікті** қалыптастыруға және дамытуға бағытталған:

- оқу-тәрбие үдерісін модельдей алады және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға *дайын*;
- ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан, оның ішінде ауқымды компьютерлік желіні *жетік меңгерген*;
- психикалық және психофизиологиялық дамудың жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады*;
- әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдістерін *пайдалануға дайын*;
- білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан алған білімдерін *қолдануға дайын*;
- балалардың әралуан әрекет түрлерін *ұйымдастыруға дайын*;
- білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін *меңгерген*.

Пәнді оқыту үрдісі **пәндік құзыреттілікті** қалыптастыруға және дамытуға бағытталған:

- қазақ тілі мен әдебиетінің тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, оның жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, даму тарихы мен қазіргі жағдайын *біледі*;
- психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша жүйелі білімдерді, оқыту әдістемесін, классикалық және қазіргі заманауи педагогикалық технологиялар туралы білімді игерген; білім алушылардың жетістіктерін қазіргі әдістермен диагностикалауды *пайдалануға қабілетті*;
- байқаулар мен тәжірибелер нәтижелерін теориялық тұрғыдан талдау әдістерін компьютерлік үлгілеуді *қолдануды игереді*.

Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі керек:

– оқушылардың оқыту нәтижелерін бағалау бойынша мұғалім жұмысының мазмұнын сипаттай

білуді;

- білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес бағалау инструменттерін қолдана білуді.

Пәнді оқу нәтижесінде студент меңгеруі керек:

— білім алушылардың жетістіктерін диагностикалаудың әдістері мен құралдарының қазіргі жағдайын;

-одан әрі оқыту туралы шешім қабылдау үшін критериалдық бағалауды пайдалану жолдарын;

- оқушыларды объективті бағалау үшін оқыту нәтижелерін жоспарлау, рубрикаторларды әзірлеу және пайдалануды.

Негізгі бөлім
Тақырыптық жоспар

№№ тақырып	Тақырып аты
1	Кіріспе. Бағалау нормативтері туралы ұғым
2	Блум таксономиясы және бағалау критерийлері
3	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша критериалды бағалау және дағдылары
4	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша критериалды бағалаудың ұстанымдары
5	Бағалаудың негізгі мақсаттары
6	Оқу жоспары (қысқа, орта, ұзақ)
7	Қалыптастырушы бағалау
8	Ішкі жиынтық бағалау
9	Бағалау үдерісі
10	Оқушы портфолиосы

ПӘН МАЗМҰНЫ

Кіріспе. Бағалау нормативтері туралы ұғым

Баға беру - бағалаудың нәтижесі, яғни сапалы кері байланыс. Баға – символ, оқу жетістігін не санмен, не сөзбен таңбалау. Бағалау термині туралы түсінік. Бағалау – одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

Білім беруді сапаландыру мен білім алушылардың білім деңгейін анықтауда критериалды бағалау маңызды орын алатындығы. Қазіргі кезеңде білім алушылардың білім деңгейін сапаландырумен қатар, оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттері мен құзыреттіліктерін, қоршаған ортада қарым-қатынас жасауға қабілеттілігін, өзіндік білімін көтеру мақсаттары нақты қойылғандығы.Критериалды бағалау алдын ала белгілі критерийлерге сәйкес, оқушының жеке оқуын түзетуге мүмкіндік беретін, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау екендігі. Критериалды бағалау мақсаттар

мен міндеттердің барлық талаптарына сай келетіндігі. Критериалды бағалау сабақтың барлық кезеңінде іске асырылатын процесс екендігі.

Критериалды бағалау интерактивті оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық түрлерінің барлығында тиімді. Топ жұмысын критерийлермен бағалау жұмыстың нәтижелігіне, оқушылардың өзара бағалау арқылы пікірлерін ортаға салып, ойларын еркін жеткізуіне жетелейтіндігі.

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінетіндігі, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланатындығы. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажеттігі. Бағалаудың критериалды **формативті (қалыптастырушы), суммативті (жиынтық), дескрипторлы (сөзбен баяндау)** түрлері. Формативті бағалау да, суммативті бағалау да білім беру жүйесінде қолданылатындығы. Формативті бағалаудың мақсаты білім алушылардың оқуын жақсарту екендігі. Білім алушы өзінің білім деңгейін біледі, ал мұғалім бағалау үшін қай бағытта жұмыс атқару керектігі. Жылдық, тоқсандық, қорытынды бағалау.

Блум таксономиясы және бағалау критерийлері

Блум таксономиясы туралы түсінік. Блум танымдық саласының алты деңгейі: білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалау. Аталған деңгейлердің ең күрделісі бағалау деңгейі екендігі.

Білім беруді сапаландыру мен білім алушылардың білім деңгейін анықтауда критериалды бағалаудың маңызы. Қазіргі кезеңде білім алушылардың білім деңгейін сапаландырумен қатар, оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттері мен құзыреттіліктерін, қоршаған ортада қарым-қатынас жасауға қабілеттілігін, өзіндік білімін көтеру мақсаттары нақты қойылғандығы.

Критериалды бағалаудың негізгі критерийлері:

- Алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- Тапсырманың анықтығы мен айқындылығы;
- Бағаның әділдігі;
- Өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша критериалды бағалау және дағдылары

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені қазір білім алушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылғандығы. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған.

Мұнда күтілетін нәтиже: болашақ маман білімді бағалау туралы ақпарат алады, салыстырады, топтық бағалау арқылы критерий жасауды үйренеді. Бағалау парақшасын жасап, сабақта қолдануға бейімделетіндігі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша критериалды бағалаудың дағдылары. Білім алушылардың білімін бағалау техникалық тәсіл ғана емес. Оқушының оқуы мен ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік ұғымдарына қатысты құндылықтар жататындығы.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша бағалаудың ұстанымдары

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау модулі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша бағалаудың дидактикалық ұстанымдармен байланыстылығы. Бағалаудың ғылымилық, когнитивтік (танымдық), коммуникативтік, саналылық ұстанымдарымен байланысы. Қазақ тілі

мен әдебиеті пәндері бойынша бағалаудың ұстанымдары.

Оқу оқушылармен жүзеге асырылатындығы. Оқушылар нені оқу керектігін, қалай оқу керек екендігін үйрету.

Ағымдағы пікірталастар мен сұрақтар: бағалаудың шынайылығы, құндылық, жоғары деңгейде тестілеу. Жетістіктерді өлшеу: оқу дағдылары, түсіну, метатаным. Оқуға бейімділігі төмен оқушыларды ынталандыру. Оқушыларға ықпал ету. Жоғары деңгейлі тестілер: табыстылық пен өз қадір-қасиетіне сенім арасындағы байланысты нығайтатындығы. Бағалау арқылы оқу үдерісін жақсартуға ықпал ететін қарапайым факторлар. Оқушылармен тиімді кері байланыс орнату. Оқушыларды өздерінің оқу үдерісіне қызу араластыру. Оқыту мен бағалау нәтижелері арасында байланыс орнату. Оқу табыстылығының негізгі факторлары болып табылатын оқушылардың ынтасы мен өз қадір-қасиеттерін сезінуді дамытудағы бағалаудың мәнін түсіндіру. Өз жұмысын өзі бағалау және өзін -өзі жетілдіру жолдарын түсіне білуді дамыту. Табыс критерийі - бағалаудың басты өлшемі. Мәнерлеп оқуда, жазба жұмыстарын жазуда, мәтін талдауда табыс критерийлерін алдын-ала анықтап алу.

Бағалаудың негізгі мақсаттары

Бағалау - термин. Қалыптастырушы (формативті) және жиынтық (суммативті) бағалау арасындағы айырмашылық. Оқу үшін бағалау ұғымының дербес тұжырымдама ретінде кеңінен тарала бастауы. Жиынтық бағалау немесе оқуды бағалау.

Бағалау әдістемесі. Бағалаудың негізгі мақсаттарының тізбесі: *1. Оқудағы қиындықтарды анықтау.* Тестілер өткізу, өзіндік түзету және тестілеу жұмыстарын қайталап өткізу.

2. Жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналарға ұсынылған). Оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму, мысалы, білім, түсіну және дағды туралы хабар беру.

3. Уәж. Кері байланыс көбінесе уәж түрінде көрінеді. Ынталандыру.

4. Болжау және сұрыптау. Оқушының білімі және дағдыларын бағалау арқылы олардың болашақтағы мінез-құлқы мен дамуын болжау. Мемлекеттік емтихандық жүйенің нәтижелері, көбінесе сұрыптау мақсатында, атап айтқанда бұдан арғы (жоғары) оқу немесе жұмысқа орналасу туралы шешім қабылдау үшін қолданылуы. Мектеп шеңберінде оқушыларды топтар мен сыныптарға бөлуге арналған бағалаудың белгілі нысаны.

5. Стандарттарды бақылау және орындау. Бағалау нәтижесінде біліктілік дәрежесін анықтау. Халықаралық тест бойынша алынған мәліметтерді талдау. Халықаралық стандарттарға сәйкестікті анықтауға бағытталған, одан басқа стандарттың микро және макро деңгейдегі стандарттарына сәйкестікті бақылау үшін тестілер қолдану.

6. Оқыту бағдарламасының мазмұнын және оқыту стилін бақылау. Бақылау - бағалаудың негізгі мақсаты. Техникалық тәсілдер мен бағалау және емтихан - білім беру бағдарламасының мазмұны мен оның қалай оқытылатындығына ықпал ететін фактор.

Оқу жоспары (қысқа, орта, ұзақ)

Оқу жоспары (қысқа, орта, ұзақ). Қуатты педагогикалық құралдар: оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.

Бағалау үдерісінің мақсаты. Оқу үшін бағалау. Сыныптағы оқуды басқару. Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау. Сыныпта оқыту үдерісінде болып жатқан өзгерістерді қадағалау. Оқыту тәжірибесіне бағдарлама идеяларын енгізу. Тізбектелген сабақтар топтамасын орта мерзімдік жоспарлау.

Оқыту мен оқуды бағалауға дайындық. Оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу барысында жүргізілетін бағалау.

Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау (қысқа, орта, ұзақ)

Мұғалімдерге тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлаудың қажеттілігі. Орта мерзімдік жоспар. Қысқа мерзімдік жоспар. Ұзақ мерзімдік жоспар. Оқу бағдарламасы. Пәндік мазмұн. Жұмыс сызбасы. Тізбектелген сабақтар. Жеке сабақ. Ұзақ мерзімді, орта мерзімді

және қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланыс. Түйінді идеялар. Табыс критерийлері. Ресурстар. Модуль. Қысқа мерзімді сабақ жоспарының құрылымы. Орта мерзімді сабақ жоспарының құрылымы. Ұзақ мерзімді сабақ жоспарының құрылымы.

Орта мерзімді жоспарлау немесе тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлаудың мақсаты:

- жұмыс кезеңдерінің дәйекті, тізбектеліп ұйымдастырылуы;
- оқыту тәжірибесіне жеті модульді ықпалдастыру;
- әрбір сабақ үшін оқу мақсаттарын белгілеу;
- оқу нәтижелерін өлшеу әдістемесін анықтау;
- осы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жоспарланған оқыту мен оқу жаттығуларын көрсету;
- оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеудің болуын қамтамасыз ету;
- барлық оқушыларды қамтуға бағытталған стратегиялық жоспарлау.

Оқу мақсаты мен оның нәтижелері. Оқу нәтижелері:

- оқушыға бағытталуы;
- оқушының игерген дағдысын сипаттау;
- оқушының оқу үлгерімі тұрғысынан жазылуы.

Тізбектелген сабақтар топтамасын оқытудың маңызы. Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау, оқыту және ол бойынша рефлексия жүргізу. Тізбектелген сабақ жоспар үлгілері.

Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау (формативті бағалау немесе оқыту үшін бағалау). Оқыту үшін бағалау (ОҮБ) кезінде қолданылатын қадағалау, интерпретация және өлшемдер. Реформалау тобының (2002а) оқыту үшін бағалауға берген анықтамасы. Берілген анықтаманың маңызды элементтерінің бірі. Білім алушылардың өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі. Оқушылардың өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеуі. Түсінушілік, қызығушылық және ықыласпен әрекет етуге қажеттілігі. Тұжырымның оқыту мен оқу тәжірибесі үшін маңызы, өзектілігі.

Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету.

- Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы, бұл өз кезегінде оқушыларды өзін-өзі бағалауға қатыстырады.
- Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіру.
- Бағалаудың оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен қызығушылығына едәуір ықпал ететіндігі, бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі түрде ықпал етеді.
- Оқушылардың өз оқуын қалай жетілдіру керектігін түсіну үшін өздерін өздері бағалай алуын қамтамасыз ету және өзара бағалау арқылы бірге оқитын оқушылармен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру

Ішкі жиынтық бағалау

Жиынтық (суммативті немесе оқуды бағалау). Оқуды бағалаудың мақсаты - оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау. Оқуды бағалау кезіндегі бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейі мен арақатынасы. Мұндай қорытындының стандартқа, балл немесе деңгей түрінде келтірілген межелікке «сәйкес/сәйкес емес» деген нысанда жасалуы. Жиынтық мәліметтерді білім беру құралы ретінде пайдалану. Жинақталған жиынтық мәліметтердің ықпалы. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) және ЭЫДҰ. «Мәліметтерді» жинау. Жиынтық бағалау жетістіктері мен деңгейі. Балл мен деңгейлерді анықтау үшін ұсынылатын негіздемелер мен өлшемдер. Орындалған тапсырманың негізгі аспектілеріне қатысты сапалы ақпараттың оқушылармен кері байланыс үшін қолданылуы. Бағалау сипатын өзгерту арқылы оқуды бағалаудың оқыту үшін бағалауға ауыстырылуы.

Оқу үшін бағалаудың маңызы.Бағалаудың мәні.Бағалаудың түрлі нысандары: тест жұмыстары. Бағалаудың сипаттамалары:

- қадағалау;
- алынған мәліметтердің интерпретациясы;
- бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды.

Қадағалау.Қадағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау. Жазбаша тапсырма немесе тест,ауызша сұрақтың тиімділігі. Оқушының сұрақтарға берген жауаптарының бақылануы. Бағалайтын тұлғаның алынған мәліметтердің мәнін анықтай білуі.

Интерпретация. Интерпретацияның ерекше дағдылар, көзқарастар немесе оқыту түрлеріне қатысты жүргізілуі. Мұндай өлшемдердің критерий деп аталуы, олардың оқу мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызылуы.

Интерпретацияның көмегімен мінез-құлықты сипаттау.Интерпретация - логикалық қорытынды.

Қорытынды.Мәліметтерді интерпретациялау негізінде қорытынды жасалады, ол бағалауды көздейді. Бағалау үдерісінің түрлі мақсаттарға және алынған ақпарат, қолданылатын міндеттерге байланысты әртүрлі нысанда жүруі.

Бағалау үдерісі

Бағалау үдерісі. Мұғалімнің бағалаудағы рөлі: мұғалім тәлімгер ретінде, мұғалім жетекші ретінде, мұғалім есепке алу маманы ретінде, мұғалім баяндамашы ретінде. Пікірлер парағы: бағалаудың негізгі сипаттамасы, сабақ беру жолдары, үлгілер, оқытуға ықпал ету. Оқытуды бағалау стратегиялары. Өзара бағалау және өзін-өзі бағалау.Баға қою жөніндегі кері байланыс.**Бағалар жөнінде түсініктеме беру үшін жасалатын қадамдар: Бірінші қадам:** жетістік критерийлері туралы айту. **Екінші қадам:** бастапқы жоспар дайындау. **Үшінші қадам:** жетістікті анықтау. **Төртінші қадам:**алдағы жұмыстарды жақсарту үшін мақсатты анықтау.**Бесінші қадам:**берілген түсініктемеге қатысты оқушының ойлануы мен жауабы.**Алтыншы қадам:** деңгейлерін анықтау және оқушыларға жұмыстарын қайтару. Жазбаша жұмыстарды топтық бағалау.

Оқушы портфолиосы

«Портфолио» әдісі және оның шығу тарихы.

20 ғасырдың 80-90 жылдары АҚШ-та, содан кейін Еуропа, Жапония және басқа да елдерде портфолио әдісі оқытуда, яғни студенттердің жеке оқу жетістіктерін бағалау әдісі ретінде қолданыла бастауы.

Портфолио - мұғалімнің тапсырмалары бойынша студенттің бір немесе бірнеше әдістердің аясында оқыту әрекетінжүйелейтінтақырыптық материалдар жинағы. Портфолио — жүйелі, тұрақты процедуралық жұмыс болып табылатындығы.

Портфолионың білім алушыға өздігінен білім алуға және өз кәсіби қызметінің, оқудың, зерттеу нәтижелерінің сапасын бағалауға мүмкіндік беретіндігі. Портфолио әдісі ақпараттық технологиялардың дамуы негізінде, оның ішінде компьютерлік бағдарламалармен оқуды басқару кезіндегі рөлі.

«Портфолио» әдісі - оқытудың ең нәтижелі әдісі. Портфолио – оқушының тоқсан немесе оқу жылы жасаған жұмыстары және жетістіктерінің айғағы мен дәлелі.

Портфолио – оқушының оқу процесіне қалайша қатысатындығын көрсететін жұмыстарының жиынтығы ретінде оқудың тиімділігі деңгейін анықтауы, оқу процесінің оқушы үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, оқушылармен кері байланыс құру тәсілі болып табылатындығы.

Портфолионың қызметтері: жинақтаушы – оқушылардың жұмыстарының жиынтығы;үлгі (модель) – оқушының жеке оқу траекториясын қалыптастырудың құралы; ой-толғаныс пен шығармашылық тудырушы.

Портфолио үшін ең басты мәселелер – есеп беру (дәлелдер келтіру) және ой-толғаныс (рефлексия). Портфолионың екі түрі: оқу портфолиосы (мұнда оқушының жеке тұлғалық және кәсіби дамуы көрсетілетіндігі) және нәтижелер портфолиосы (жыл бойы қол жеткізген ең елеулі нәтижелер).

Семинар сабақтарының үлгі тақырыптары

1. Критериалды бағалаудың ерекшеліктері
2. Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың мақсаты мен принциптері
3. Жиынтық (суммативті) бағалау
4. Бағалау критерийлері
5. Бағаланатын дағдылардың сипаттамасы
6. Тиімді бағалаудың принциптері
7. Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалауы
8. Оқушы портфолиосы
9. Оқушылардың оқу жетістігі туралы есеп
10. Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалаудың модерациясы
11. Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау, оқыту және ол бойынша рефлексия жүргізу
12. Білім алушылардың өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі
13. Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету
14. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) және ЭЫДҰ
15. Пікірлер парағы

Студенттердің өздік жұмыстарының үлгі тақырыптары (СӨЖ)

1. Блум таксономиясы және бағалау
2. Критериалды бағалау және қазақ тілінен берілетін білімді сапаландыру
3. Оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін жетілдіруде критериалды бағалаудың маңызы
4. Білімді бағалауда критерийлерді нақты қоя білудің жолдары
5. Қазақ тілін оқытудағы формативті бағалау
6. Қазақ әдебиетін оқытудағы формативті бағалау
7. Қазақ тілінен жүргізілетін жазба жұмыстарын критериалды бағалау
8. Қазақ әдебиетінен жүргізілетін жазба жұмыстарын критериалды бағалау
9. Оқушылардың өзін-өзі және өзгені бағалауда ұстанатын принциптері
10. Лингвистикалық талдау және оны критериалды бағалау
11. Критериалды бағалау және сыни тұрғыдан оқыту мәселелері
12. Ішкі жиынтық бағалауда сыни ойлаудағыларын қалыптастыру
13. Шығармашылық дағдыларды бағалау
14. Білімді бағалаудағы рефлексияның мәні
15. «Бағалау не үшін қажет?» тақырыбында ойбөліс
16. Дәстүрлі бағалау мен бағалаудың жаңа түрлерінің айырмашылығы
17. Оқу процесі нәтижелері және бағалау
18. Қалыптастырушы бағалаудың шарттары
19. Бағалаудағы тестілеу тәсілі және тестің түрлері
20. Оқушының өзін-өзі бағалау тәсілі
21. Интервью, рубрика арқылы бағалау
22. Оқу мен оқытудағы бағалау әдісі
23. Сабаққа және оқушының міндеттеріне енгізілген оқытуды бағалау стратегиялары (Реферат)
24. Сәтті сабақ критерийлерімен таныстыру және оларды талқылау (Слайд көрсетілім)
25. Топтарда баға қою. (Өз жобасын қорғау)

Студенттің оқытушының басшылығымен жасайтын өздік жұмысының үлгі тақырыптары (СОӨЖ)

1. Критериалды бағалау технологиясы пәнінің мақсаты мен міндеттері
2. Баға беру – бағалаудың нәтижесі, яғни сапалы кері байланыс
3. Фонетикалық білім деңгейін критериалды бағалау
4. Морфологиялық білім деңгейін критериалды бағалау
5. Сөз тіркесі синтаксисін оқыту және оқушылар білімін критериалды бағалау
6. Сөзжасамды оқыту және білім деңгейін критериалды бағалау
7. Жай сөйлем синтаксисін критериалды оқыту
8. Құрмалас сөйлемді оқыту және критериалды бағалау
9. Дидактикалық әдістер мен критериалды бағалау сабақтастығы
10. “Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау” модулі қазақ тілі сабақтарында
11. Болашақ мамандарға оқыту үшін бағалауда Инсерт (Insert) стратегиясы
12. Болашақ қазақ тілі мамандарына формативті, суммативті (жиынтық), критериалды, дескрипторлы (сөзбен баяндау) бағалау түрлері туралы ақпарат
13. Оқу бағдарламасы
14. Оқу жоспары
15. Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалау
16. Ішкі жиынтық бағалауды өткізу
17. Нәтижелерді тіркеу журналы
18. Токсандық бағалар
19. Жылдық баға
20. Қорытынды баға
21. Нәтижелерді жазу және ұсыну
22. Қазақ әдебиеті кезеңдерін критериалды оқыту
23. Жұптық бағалаудың артықшылықтары. (Зерттеу)
24. Оқушылардың білімін бағалауда қолданылатын ресурстар. (Портфолио)
25. Қорытынды бағалау үдерісі. (Сұрақтар тізбесін даярлау)

Негізгі әдебиеттер:

1. Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015. –Астана.
2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012. –Астана.
3. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру курсы бағдарламасы. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015. –Астана.
4. Alexander, R., (2001). Culture and pedagogy. [Мәдениет пен педагогика]. Wiley-Blackwell.
5. Assessment Reform Group, (2002a). Assessment for Learning: 10 Principles. [Оқу үшін бағалау: 10 ұстаным]. University of Cambridge Faculty of Education.

Қосымша әдебиеттер:

1. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии.-М.: Народное образование,1998.-256 с.
2. Стилл Дж., Мереди К. Т.б. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары.- Алматы, 1998.
3. Мирсеитова С.С. Становление и развитие философии учителя: гуманистическая парадигма.- Алматы: Верена.2008.-260 с.
4. Амонашвили Ш.А. Обучение. Оценка. Отметка. [Оқу. Бағалау. Баға]. – М.: 1980.
5. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе: Учебное пособие.– Пермь, 2010. – 84

с.

6. Assessment Reform Group, (2002b). Testing, Motivation and Learning.[Тестілеу, қызықтыру және оқыту]. University of Cambridge Faculty of Education.
- 7.Black, P., & Wiliam, D. (1989a). Assessment and Classroom Learning [Бағалау және сыныпты оқыту]. Assessment in Education: Principles, Policy and Practice, 5 (1), 5-75.
8. Black, P., & Wiliam, D. (1998b). Inside the black box: raising standards through classroom assessment [Қара жәшіктің іші: сыныпты бағалау арқылы стандарттарды арттыру]. King's College London, School of Education. Now available from NFER/Nelson.
- 9.James, M. (2002). Assessment for Learning: what is it and what does research say about it? [Оқыту үшін бағалау: бұл не және зерттеулер бұл туралы не айтады]. Learning how to learn project, Faculty of Education, University of Cambridge.
- 10.Загашев И.О., Заир-Бек С.и. Критическое мышление: технология развития. [Сын тұрғысынан ойлау: даму технологиясы]. – СПб: альянс-Дельта, 2003.
11. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская и.В. учим детей мыслить критически. [Балаларды сын тұрғысынан ойлауға үйретейік]. 2-басылым – СПб: «Альянс «Дельта» және «Речь», 2003.
12. Кларин М.В. инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры, дискуссии. анализ зарубежного опыта. [Әлемдік педагогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту. Шетелдік тәжірибені талдау]. – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1995. – 176 бет.

Анықтамалық әдебиеттер:

1. Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 457 б.
- 2.Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. А., 2005.-440 б.

Интернет көздері:

- 1.www.kazakh.ru

Құрастырғандар:

- Балтабаева Ж. Қ. – п. ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ
Шамахова А. Ы. - ф. ғ. к., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ
Бакбергенова Р. Қ. - аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

РРҮа 3207 – Профессиональный русский язык

5В012100 – Казахский язык и литература в школах с неказахским языком обучения

2 кредита

Предисловие

1. Разработана и внесена УМО по группе специальностей «Образование» РУМС МОН РК при КазНПУ имени Абая

2. Утверждена и введена в действие приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан

3. Типовая учебная программа разработана в соответствии с государственным общеобязательным стандартом образования РК 2016 года (Типовой учебный план, утвержденный протоколом № 2 заседания РУМС МОН РК от 30.06.2016 г.)

4. Рецензенты:

Кажигалиева Г.А. – д.п.н., профессор КазНПУ им Абая

Салханова Ж.Х. – д.п.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби

5. РАССМОТРЕНА на заседании Республиканского Учебно-методического Совета **от 30.06.2016 года. Протокол № 2**

Настоящие типовые программы не могут быть тиражированы и распространены без разрешения УМО по специальностям группы «Образование» РУМС высшего и послевузовского образования МОН РК на базе КазНПУ имени Абая

Пояснительная записка

Современная ситуация профессионального общения диктует определенные требования, для выполнения которых необходимым является не только правильное оформление единиц языка профессиональной коммуникации, эквивалентность их значений, но и соответствие необходимым международным стандартам. В связи с этим дисциплина «Профессиональный русский язык» занимает особое место в системе подготовки специалистов. В основе курса лежит комплексный подход, включающий в себя коммуникативный, образовательный и воспитательный подходы, которые находятся в тесном взаимодействии с задачами подготовки специалистов.

Цель курса – формирование коммуникативной компетенции специалиста, способного средствами русского языка решать актуальные задачи общения в различных сферах профессиональной (научной и учебно-педагогической) деятельности.

Задачи курса:

- овладение системой базовых терминов по специальности (на русском языке);
- овладение системой прагматических единиц речевого уровня;
- развитие навыков и умений работы со специальным профессионально-ориентированным материалом и использование его в заданных профессиональных ситуациях;
- развитие деловой и учебно-научной речи студентов в диалогической / монологической, устной / письменной форме.

По завершении изучения дисциплины студент должен **знать:**

- стили и типы речи в различных сферах профессиональной деятельности
- формы общения в зависимости от их цели и условий, социальные и статусные роли участников речевой коммуникации;
- языковую систему и стилистические ресурсы на лексико-грамматическом уровне;
- минимум общенаучной книжной лексики.
- базовые речевые темы в рамках специальности;
- основной минимум терминов из терминосистем по специальности;
- специфику делового общения;
- виды и жанры учебно-научной и служебно-деловой речи;

уметь:

- читать и понимать тексты любого содержания из профессиональных коммуникативных сфер, используя в зависимости от характера текста и целевых установок разные виды чтения;
- осуществлять отбор лексико-грамматических стилистических единиц в соответствии с экстралингвистическими условиями речевой коммуникации;
- создавать и правильно интерпретировать высказывания научного, делового, публицистического стилей на актуальные темы в области профессиональной деятельности;
- вести официальные и полуофициальные служебно-деловые беседы / переговоры в соответствии с правилами русского речевого этикета;
- грамотно оформлять учебно-научные материалы в рамках профиля и специальности, служебно-деловую документацию.

Трудоемкость данной дисциплины определяется 2 кредитами, что соответствует 15 лекционным часам, 15 семинарским часам, 30 часам СРСП, 30 часам СРС.

Тематический план дисциплины

1. Введение в предметную область специальности на профессиональном русском языке. Цели и задачи курса. Профессиональная деятельность и процесс коммуникации. Научная речь как составляющая профессиональной культуры специалиста.
2. Категории и понятия в языке. Слово, предложение, текст как прагматические единицы языкового уровня. Соотношение языковых и логических категорий. Понятие значения и смысла.

3. Основные признаки текста: цельность, связность, завершенность. Понятия *тема / микротема текста / микротекста*. Понятие *идея текста*. Типы текста (речи): повествование, описание, рассуждение. Роль ключевых слов в смысловой организации текста.
4. Композиция научного текста.
5. Способы развития информации в тексте. Понятие смысловых моделей.
6. Определение как одна из основных смысловых моделей научного текста.
7. Речевые конструкции, репрезентирующие смысловые модели в тексте.
8. Научная лексика как подсистема.
9. Терминологический минимум по специальности.
10. Составление научных текстов разных жанров по специальности

Компетенции

Учебная дисциплина «Профессиональный русский язык» способствует формированию у студентов следующих основных компетенций:

общеучебной, заключающейся в способности пользоваться рациональными приемами умственного труда и самостоятельно совершенствоваться в овладении избранной специальностью;

профессиональной, связанной с умениями свободного оперирования базовыми понятиями русской филологии, методики преподавания русского языка и литературы в педагогической и научной практике, а также с наличием сформированных навыков поиска, отбора и обработки профессионально значимой информации;

коммуникативной, предполагающей способность осуществлять как устную, так и письменную коммуникацию на современном русском литературном языке в разных сферах профессиональной деятельности.

Пререквизитами для данного курса являются курсы «Русский язык», «Введение в языкознание», «Введение в литературоведение».

Постреквизитами данного курса являются «Общее языкознание», «Методика преподавания казахского языка». Знания, умения и навыки, полученные при изучении дисциплины, необходимы для освоения всех дисциплин специальностей, для работы с учебной и научной литературой.

Содержание дисциплины

Введение в предметную область специальности на профессиональном русском языке. Цели и задачи курса. Профессиональная деятельность и процесс коммуникации. Научная речь как составляющая профессиональной культуры специалиста.

Общая характеристика содержания предметной области по специальности на русском языке. Русский язык как учебный предмет в школе и в вузе. Русский язык как объект научного исследования.

Основные признаки процесса коммуникации. Структура коммуникации. Цели и задачи профессионального общения. Профессиональный русский язык в научной коммуникации. Профессиональный русский язык в учебно-педагогической коммуникации.

Основные требования к профессиональной речи. Социальный статус собеседников. Научная речь как составляющая профессиональной культуры специалиста. Работа с текстами по специальности: комментированное чтение, терминологический комментарий при работе с текстами по профилю, стилистический анализ текста.

Прагматические единицы языкового уровня – слово, предложение, текст. Соотношение языковых и логических категорий. Понятие значения и смысла.

Средства и стратегии выражения профессионально значимой информации. Коммуникативно-прагматическая специфика профессионального русского языка.

Слово как основная номинативная единица языка. Понятийное, оценочное, культурно-историческое содержание лексической единицы. Слово и понятие. Способы выражения понятия в языке. Предложение и суждение. Виды суждений. Утвердительные и отрицательные суждения. Ложные и истинные суждения. Логико-семантический анализ профессионально ориентированных текстов.

Основные признаки текста: цельность, связность, завершенность. Понятия *тема* и *микротема текста / микротекста*. Понятие *идея текста*.

Типы текста (речи): повествование, описание, рассуждение.

Роль ключевых слов в смысловой организации текста.

Определение базового концепта текста. Репрезентация базового концепта при помощи ключевых слов. Языковые единицы, обеспечивающие цельность и связность текста.

Композиция научного текста.

Реализация профессионального русского языка в филологических текстах и профессиональных ситуациях. Научный текст как источник профессионально ориентированной информации.

Принципы отбора и обработки языкового и литературного материала для использования на уроках словесности в школе.

Определение как одна из основных смысловых моделей научного текста.

Понятие *определение*. Виды определений. Логическое и образное определение. Правила построения логического определения (дефиниции). Синонимический, описательный, этимологический способы объяснения реалий. Логическое определение как наиболее рациональный способ толкования научных терминов.

Речевые конструкции, репрезентирующие смысловые модели в тексте.

Конструкции для выражения частного и общего, части и целого, состава вещества и предмета. Конструкции для выражения квалификации агента, неодушевлённого предмета, явления. Конструкции для выражения характеристики, признака лица, неодушевлённого предмета, явления. Конструкции для выражения сравнения, сопоставления.

Научная лексика как подсистема.

Книжная лексика. Роль интернационализмов, иноязычных слов / словообразовательных средств в формировании научной лексики. Общенаучная лексика и узкоспециальная лексика. Терминосистемы.

Терминологический минимум по специальности.

Термины, характеризующие фонетический, лексический, словообразовательный, грамматический уровни и подуровни языка. Термины, отражающие основные направления современного языкознания.

Составление научных текстов разных жанров по специальности.

Культура речи и публичное выступление. Содержание и композиция публичного выступления. Подготовка публичного выступления. Методы изложения материала. Жанры и типы публичной речи. Принципы ведения научной дискуссии. Стратегии поиска, отбора и обработки профессионально значимой информации. Аргументация.

Составление устных и письменных текстов научных жанров в рамках будущей профессиональной деятельности (статья в научный журнал и в СМИ, эссе, реферат, сообщение, доклад, рецензия, отзыв, аннотация, резюме научный проект, отчет в научном и публицистическом стилях и др.).

Темы семинарских занятий

Место и роль филологии в системе гуманитарных наук. Русистика: история и современное состояние.

Научная и учебно-педагогическая коммуникация на русском языке. Профессиональная деятельность и процесс коммуникации. Коммуникативные стратегии, используемые в сфере профессиональной деятельности.

Категории и понятия в языке. Слово, предложение, текст как прагматические единицы языкового уровня. Соотношение языковых и логических категорий.

Научный текст как источник профессионально ориентированной информации. Основные признаки научного текста.

Жанровая характеристика научных текстов. Составление научных текстов разных жанров в рамках специальности.

Способы развития информации в тексте. Понятие смысловых моделей. Речевые конструкции, репрезентирующие смысловые модели в тексте.

Научная лексика как подсистема.

Языковые особенности научного стиля речи.

Терминологический минимум по специальности.

Лексикографические источники в профессиональной деятельности филолога.

Принципы отбора и обработки языкового и литературного материала для использования на уроках в школе.

Самостоятельная работа студентов под руководством преподавателя

Язык как средство построения и развития науки. Культурно-историческая природа языка. Язык во всем многообразии его социальных вариантов и их функций. Язык как однородный код.

Научные направления казахстанской русистики.

Культура научной и профессиональной речи.

Специальный язык – полиструктурная языковая система. Основные лингвистические черты специального языка. Средства выражения специальных реалий, категорий, понятий. Профессиональный вариант нормы.

Унификация, стандартизация, кодификация терминов. Детерминализация.

Основные понятия и терминологический аппарат фонетики и фонологии русского языка. Ударение в русском языке.

Нормы современного русского литературного произношения. Основные орфоэпические нормы в области гласных и согласных звуков. Особенности произношения отдельных грамматических форм. Орфоэпия заимствованных слов. Методика обучения нормативному произношению на родном и иностранном языке.

Основные понятия и терминологический аппарат лексикологии, лексикографии и фразеологии русского языка.

Системные единицы лексики и фразеологии. Типология словарей.

Основные понятия и терминологический аппарат морфемики и словообразования русского языка.

Основные понятия и терминологический аппарат морфологии русского языка.

Классификация частей речи в вузе и школе.

Основные понятия и терминологический аппарат синтаксиса русского языка.

Единицы синтаксиса и компоненты синтаксических единиц (слово, синтаксическая форма слова, словосочетание, предложение, сложное синтаксическое целое, текст). Фигуры поэтического синтаксиса, их художественные функции.

Виды анализа слов в вузе и школе.

Самостоятельная работа студентов

Научный текст как источник профессионально-ориентированной информации. Система интерактивных профессионально-ориентированных заданий. Продуктивные умения говорения и письма. Создание собственных письменных или устных речевых произведений в процессе коллективной коммуникации.

Коммуникативные качества речи: правильность, точность, логичность, чистота, богатство, выразительность, уместность, коммуникативная целесообразность, толерантность, ассертивность.

Назначение, особенности и средства устной и письменной речи, их сходства и различия.

Понятие языковой нормы как основа грамотной речи.

Специфика норм письменного кодифицированного языка.

Понятие об источниках языковедческих материалов (тексты художественных, публицистических, научных произведений; официально-деловые документы; словари; газетные и журнальные статьи; архивные документы; картографические данные, полевые записи устной речи и др.).

Научные методы лингвистических исследований.

Устное выступление и научная дискуссия.

Структура доклада по курсовой (дипломной) работе.

Подготовка мультимедийной презентации, графиков, таблиц и приложений.

Культура научной дискуссии. Стандартные обороты речи для участия в научной дискуссии. Основные принципы ведения научной дискуссии.

Рекомендуемая литература

Основная литература:

1. Актуальные проблемы современной лингвистики: учебн. пособие / сост. Л.Н. Чурилина. – 5-е изд. – М., 2010.
2. Бельчиков Ю.А. Стилистика и культура речи. – М., 2002.
3. Введение в литературоведение / Под ред. Л.В. Чернец. – М., 2000.
4. Введенская Л.А., Павлова Л.Г., Катаева Е.Ю. Русский язык и культура речи: Учеб. пособие для вузов. – Ростов-н/Д.: Феникс, 2001.
5. Вербицкая Л.А. Давайте говорить правильно: Пособие по русскому языку. – М., 2001.
6. Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Речевая коммуникация: Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 2004.
7. Голуб И.Б. Русский язык и культура речи. – М.: Логос, 2001.
8. Даниленко В.П. Методы лингвистического анализа: курс лекций. – М., 2011.
9. Жанаалина Л.К., Килева Л.Т., Касымова Р.Т., Маймакова А.Д., Абаева М.К. Язык современной науки: Языковые портреты. Учимся искусству научной речи: Учебное пособие. / Под ред. Л.К. Жанаалиной. – Алматы, 2010.
10. Иванов Д. А. Компетентности и компетентностный подход в современном образовании / Д. А. Иванов. - М.: Чистые пруды. – 2007.
11. Казарцева О.М. Культура речевого общения: Теория и практика обучения: Учебное пособие. – М.: Флинта; Наука, 2001.
12. Культура русской речи: Учебник для вузов / Под ред. проф. Л.К. Граудиной и Е.Н. Ширяева. – М.: Норма, 2000.
13. Садыков Х.Н.. Теория литературы. – Алматы, 2004.
14. Хализев В.Е. Теория литературы. – М., 2000.

Дополнительная литература:

1. Аннушкин В.И. Риторика. Вводный курс: учебное пособие. 2-е изд., испр. – М., 2007.
2. Антонова Е.А. Методика преподавания русского языка: коммуникативно-деятельностный подход – М., 2007.
3. Балыхина Т.М. Структура и содержание российского филологического образования, методологические проблемы обучения русскому языку. – М., 2001.
4. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. М., 1987.

5. Кибрик А.Е. Очерки по общим и прикладным вопросам языкознания. М., 1992.
6. Кобозева И. М. Лингвистическая семантика. М, 2000.
7. Ковалев Г.Ф. Писатель. Имя. Текст. Воронеж, 2004.
8. Петров М.К. Язык, знак, культура. М., 1991.
9. Стернин И.А. Общественные процессы и развитие современного русского языка. Воронеж, 2003.
10. Тимофеев Л.И. Слово в стихе. – М., 1982.
11. Традиции и новации в профессиональной деятельности преподавателя русского языка как иностранного: Учеб. монография / Под ред. Хаврониной С.А., Балыхиной Т.М. – М., 2002.
12. Федотов О.И. Введение в литературоведение. – М., 1998.
13. Формановская Н.И. Культура общения и речевой этикет. – М.: ИКАР, 2002.
14. Щерба Л.В. Теория русского письма. Л., 1983.

Словари и справочники

1. Аманжолов А.С. Казахско-русский словарь лингвистической терминологии. Алматы, 1999.
2. Куликова И.С., Салмина Д.В. Обучающий словарь лингвистических терминов. М., 2004.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. - М., 1990.
4. Литературная энциклопедия терминов и понятий. – М., 2003.
5. Максимов В.И. Грамматический справочник: традиционно-системное и функционально-системное описание русской грамматики. – СПб., 2010.
6. Словарь русской лингвистической терминологии / под ред. А.Н. Абрегова Майкоп, 2004.
7. Словарь по языкознанию / под ред. Э.Д. Сулейменовой. Алматы, 1998.
8. Современный словарь-справочник по литературе. / Составитель С.И. Кормилов. – М., 2000.
9. Щукин А.Н. Лингводидактический энциклопедический словарь. – М., 2008.
10. Эглит Л.В. Учебный терминологический словарь к курсу «Современный русский язык: лексикология». Алматы, 2006.
11. Эглит Л.В. Справочные материалы по культуре русской речи. Алматы, КазНПУ им. Абая, 2011.
12. Энциклопедический словарь-справочник лингвистических терминов и понятий. Русский язык: в 2 т. / под общ. ред. А.Н. Тихонова и Р.И. Хашимова. – М., 2008.

Авторы:

Казкенова А.К. - к.ф.н., профессор КазНПУ им. Абая

Поляк З.Н.- к.ф.н., доцент КазНПУ им. Абая

Эглит Л.В. - к.ф.н., профессор КазНПУ им. Абая

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

KBShT 3207 Кәсіби бағытталған шетел тілі

5B012100–Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

2 кредит

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

З.Ж. Сыздыкова - п. ғ. к. Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ
А.С.Сейдикенова - ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Саяси-экономикалық, мәдениет және білім беру салаларындағы өзгерістер, Қазақстанның экономика саласындағы халықаралық қатынастарға, ғылым, технология, мәдениет және білім салаларына кең-ауқымды шығуы, шетел тілдерін оқытудағы ғылым мен технология әдістемесінің тұжырымдамалық ережелерін түбегейлі өзгерту керектігін анықтайды. Соның салдарынан қоғамда, ағылшын тілін кәсіби деңгейде меңгерген мамандарға деген сұраныс өсіп келе жатыр. .

«Кәсіби бағытталған шет тілі» (кәсіби қарым-қатынасқа кіріспе) пәні үш циклды тілдермен мамандар даярлаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

«Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәнінің мазмұнын іріктеу «Қазақ тілі мен әдебиеті» саласы бойынша мамандар даярлау бағытына сәйкес әлеуметтік-педагогикалық факторларды талдау негізінде жүзеге асырылды.

Оқыту негізіне инновациялық білім беру технологиялары алынды.

Пәннің бағдарламасы құзырлылық, контекстік-іс-әрекеттік және қарым-қатынас тәсілдері негізінде құрылған.

Курстың мақсаты мен міндеті.

«Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәнін оқытудың негізгі **мақсаты** білімгерлерде объективті факторлар туралы ғылыми көзқарас тудыру, заманауи білім берудегі шет тілін оқыту жүйесінің дамуын қалыптастыру болып табылады.

«Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәнін оқытудың **міндеттері:**

- студентте кәсіби тақырыпта ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби қарым-қатынас жасауға қажетті ауызша сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыру;
- түйінді ойын грамматикалық тұрғыдан көркемдей білу дағдысын қалыптастыру.

Білім беру бағдарламасы құрылымындағы пәннің алатын орны

«Кәсіби бағытталған шетел тілі» арнайы пәндер модуліне, міндетті пәндер компонентіне кіреді.

Пререквизиттер: Ағылшын тілі (A2,B1)

Постреквизиттер: Ағылшын тілі (B2)

Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

- ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан, оның ішінде ауқымды компьютерлік желіні жетік меңгерген;
- адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;
- тазалық сақтау және еңбекті қорғау талаптарына, сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты
- өмір салты дағдыларын қалыптастыруға *қабілетті*.
- білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін *меңгерген*;
- кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға *қабілетті*;
- орта білімнің ерекшеліктерін түсінеді және әр жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты іске асыратын құралдарды меңгереді
- қазақ тілі мен әдебиетінің іргелі заңдарын және олардың теориялары туралы жүйелі білімді игереді;

Осы курсты оқу нәтижесінде студент білуі:

- ағылшын тілінде қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық материалдарын пайдалануды.

- мәтіннің сипатына қарай және оқудың түріне қарай мақсат қоя отырып, кәсіби коммуникативтік аядағы кез келген мазмұндағы мәтіндерді түсіну, оқуды;
- логикалық бірізділікті сақтай отырып және тіл құралдарын жеткілікті түрде пайдаланып, оларды түрлі тілдік жағдаяттарда ағылшынша сөйлеуде пайдалануды;

меңгеруі міндетті:

- ағылшын тіліндегі ауызша ақпараттарды тыңдау және түсіну, тыңдағанын мазмұндап жеткізу;
- естіген немесе оқыған мәтінді қажетті ақпаратты таңдай отырып еске түсіру және жүйелі түрде баяндау.
- Жаңа типтегі оқулықтарды талдау;
- Лингво-мәдениеттік және тұжырымдамалық пен танымдық-коммуникация, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктегі құрылымдық құзыреттілігінің бөлігі ретінде;
- Контексті коммуникативтік және өзекті тұжырымдама кәсіби құзыреттіліктегі құрылымдық құзыреттілігінің бөлігі ретінде
- қарым-қатынас стратегиясын пайдалана отырып, қарастырылған кәсіби бағыттағы жағдайларға бара-бар дискурсты (монолог, диалог) өрбіту (телефонмен әңгімелесу, сұхбат, презентация және т.б.);

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Кәсіби ортаға кіріспе
2. Карьераны жоспарлау
3. Жұмысқа орналасу
4. Жұмыс орнындағы қарым қатынас
5. Кәсіби іс-әрекетке кіріспе
6. Кәсіби іс-әрекет объектісі
7. Ғылыми педагогикалық іс-әрекет кәсіби іс-әрекет ретінде
8. Жоба кәсіби іс-әрекет өнімі ретінде

Негізгі бөлім

I. Кәсіби ортаға кіріспе

1.1. Карьераны жоспарлау

Тіл материалы:

Қазақ тілін меңгерту барысында оқушыда қалыптасуы тиіс білім, білік, дағдылар. Дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолдану дағдылары.

Қазақ тілі пәнінің басқа пәндермен байланысы: ана тілі, әдебиет, математика, шет тілі, химия, физика, биология, музыка, сурет, информатика т.б.

Лингводидактиканың дамуындағы психологиялық тұжырымдар. Ойлау мен сөйлеудің байланысы. Тіл үйрену процесінде жүретін психологиялық, физиологиялық ерекшеліктер. Тіл үйретудегі мотивтердің (әлеуметтік және танымдық) маңызы.

Өзге тілді мектептерде қазақ тілін меңгертуде басшылыққа алынатын жалпыдидактикалық (дамыта оқыту, ғылымилық, жүйелілік, оқу мотивтерін ескеру, түсініктілік, т.б.) және арнайы бағыттар (қатысымдық тұрғыдан оқыту, әрекеттік бағыт, құзіреттілік бағыт, т.б. ұстанымдар).

Қазақ тілін үйретудің әлеуметтік мәні. Дара тұлғаға тән тілдік дағдылар, оларды әлеуметтік ортада орынды пайдалану. Қоғамдық-әлеуметтік ортаның әсері.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесінің лингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, когнитивтік негізі.

Өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесінің лингвистика іліміне негізделуі. Қазақ тілін үйрету әдістемесінің тіл білімі ғылымының негізінде іске асуы. Қазақша (ауызша және жазбаша) тілдік қатынасты меңгертуде функционалдық грамматика мен ғылыми грамматиканың рөлі.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін үйрету барысында лингвомәдениеттанымдық аспектілердің алатын орны. Өзге тілді мектептерде қазақ халқының мәдениетін, рухани және материалдық құндылықтарын тіл арқылы игерту.

Қазақ тілін деңгейлік оқытудың жаңа тенденциялары, парадигмалары, қағидалары мен бағыттары

Қазақ тілін деңгейлік оқытудың жаңа тенденциялары, парадигмалары, қағидалары мен бағыттары Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді заманауи талаптарға сай оқыту қажеттігіне орай айқындалды. Бұл әлемдік тәжірибедегі екінші тілді оқыту әдістемесінің басым бағыттарымен сәйкестендірілді.

Тілдік қатынас – тіл үйренушінің ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, пікірлесу және т.б. әрекеттерінің жиынтығы. Тілдік қатынас – ойлау мен сөйлеудің қатысы арқылы тілдік бірліктердің таңбалық жүйесі мен дыбысталуы нәтижесінде жүзеге асатын, қатысымдық бірліктердің түрлі мағыналық реңктері арқылы берілетін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін, тек адамзатқа ғана тән күрделі қоғамдық-

әлеуметтік үдеріс. Тілдік қатынас теориясы тілді оқыту барысында сөйлесім әрекетінің түрлерін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім процестерін кешенді жүзеге асыруға ғылыми негіз болады.

Қатысымдық-танымдық теория тілді қоршаған ерекшелігінен туындайтын сөйлесім әрекетінің түрлерін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім әрекеттерін кешенді жүзеге асыруға негіз болады. Әлеммен, адам факторымен тұтастықта игеруге, тіл болмысын халықтық таным тұрғысынан зерделеуге, сөйлесім әрекетінде іске асырылатын тілдік бірліктердің табиғатын ашуға, оның ішкі иірімдерін жан-жақты пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақ тілінің бірліктерін тілдік әрі қатысымдық тұрғыдан меңгерте отырып, оның мәдени танымдық, қатысымдық, әлеуметтік, кумулятивтік қызметтеріне сай жұмсалып жатқан жолдарын игертуді көздейді.

Сөз мәдениеті теориясы бойынша үздіксіз білім беру жүйесіндегі қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде мемлекеттік тілді күнделікті өмір жағдаяттарында қолдану мәдениетін дамыту, тіл үйренушілердің қазақ тілін нормативтік, коммуникативтік, этикалық сапаларына сай жұмсау дағдыларын жетілдіру, қатысымдық құзіреттіліктерді қалыптастыру жүзеге асырылады. Қазақ тіліне тән сөйлеу әдеби нормаларын меңгерту арқылы оның даралығын, ұлттық сипатын, қазақ халқының тілдік болмысын, ділін, мәдени өресін танытуға жол ашылады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру теориясы тіл үйренушілердің қазақ тілін өз мүддесіне сай, қатысым мақсатына орай қолдануға төселдіруде маңызды рөл атқарады. Тілді деңгейлік тұрғыдан динамикалық жүйе ретінде меңгерткенде, оның шынайы функционалдық қасиеті ашыла түседі. Сөйлесім дағдыларын қалыптастыруда өмірлік жағдаяттағы проблеманы тиімді жолмен шешуге сәйкес келетін түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді дұрыс талғап қолдану тіл үйренушінің функционалдық сауаттылығына тәуелді. Сондықтан функционалдық сауаттылық нәтижеге бағдарланған оқыту жүйесінде әрі құзіреттілік, әрі түпкілікті нәтиже болып саналады. Бұл теория тілдік грамматикамен қатар тілдік қатынас теориясына қатысты білім-біліктерді өзара сабақтастықта игертуді көздейді.

Тілді оқытудың *парадигмалар* – деңгейлік оқыту жүйесіне қатысты тілді коммуникативтік-когнитивтік тұрғыдан меңгертуге бағытталған тілдік білім мазмұны мен оны іске асыру формаларының жиынтығы. Қазақ тілін деңгейлік оқытуда жүзеге асырылатын *парадигмалар* тілді меңгерудің коммуникативтік мақсатына бағыттала келіп, мынадай болып жіктеледі:

Антропоөзектік парадигма білім алушыларға жеке тұлға ретінде қарап, оның тілдік білім арқылы адамзаттық өркениет пен ұлттық руханиятты бірлікте меңгеру мәселесіне басымдылық беруге бағытталады.

Интеграциялық білім беру парадигмасы пән мазмұнында тілдің тарихпен, мәдениетпен, қоғаммен, әдебиетпен, жаратылыстану пәндерімен сабақтастығын қамтамасыз ету арқылы білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, адами қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Танымдық білім беру парадигмасы мемлекеттік тілді деңгейлік оқытуда білім алушылардың тіл, қазақ халқының салт-дәстүрлері, дүниетанымы және т.б. этномәдени ұғымдары туралы көзқарастарын қалыптастыру арқылы олардың танымдық әлеуетін коммуникативтік құзіреттіліктермен өзара сабақтастықта жетілдіруге бағытталады.

Аксиологиялық парадигма жалпыадамзаттық, ұлттық және мемлекеттік құндылықтардың негізінде табиғатпен, әлеуметпен, мәдениетпен қарым-қатынасындағы жеке тұлғалық мәндерді тәрбиелеуге, сонымен қатар білім алушыға өз білімінің, өмірінің мәнін сезіндіруге бағытталады.

Білім беруді ізгілендіру парадигмасы – білім мазмұнын жалпыадамзаттық және ұлттық рухани игіліктерге қарай бағыттау, қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тілін, дәстүрін, көркемөнерін, қолөнерін және т.б. материалдық және рухани құндылықтарын

тіл арқылы танытудың негізі. Білім алушылардың тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға қолайлы жағдай тудырады.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі қазақ тілін деңгейлік оқытудың *қағидалары* оқу үрдісінің мазмұнын, ұйымдастыру түрлері мен әдістерін, оның жалпы мақсаттары мен заңдылықтарын анықтайтын негізгі ережелердің жиынтығынан тұрады.

Білімнің үздіксіздігі қағидасы – білім алушылардың болашақ өміріне қажетті тілдік және қатысымдық дағдыларды, құзіреттіліктерді алдын-ала болжап, білім алушылардың шығармашылық әлеуетінің үдемелі артуына және күш-қуаты мен қабілетін толық пайдаланып, тұлғалық-мәдени өсуіне, тілдік тұлға қалыптастыруға бағыт беретін негіз.

Мәдениет, ойлау, тіл бірлігін жүзеге асыру қағидасы – білім алушыларды бүгінгі ғаламдану үдерісінде жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау мен ізгі дәстүрлерін жалғастыруға шынайы мүдделілігін тудыратын, мәдени-танымдық құзіреттіліктерін дамытатын тірек қағида.

Білімнің мотивациялық сипатын арттыру қағидасы тілдік білім мазмұны білім алушылардың танымдық және әлеуметтік мотивтерін туғызуға, қызығушылықтары мен тілді қолдануға ішкі мүдделіліктерін дамытуға тірек болады. Тілді қатысымдық, танымдық, экспрессивтік қызметтеріне сай қолдануға ұмтылысын арттырады.

Өмірлік дағдыларды жетілдіру қағидасы әртүрлі мәселелерді пікір алысу мен пайымдауға жүгіну арқылы шешуге, субъектілер арасында түсіністік орнатуға, әлеуметтік келісімге қол жеткізуге үйрететін дискурсты меңгертуге негіз болады.

Құзіреттілік қалыптастыра оқыту қағидасы мемлекеттік тілді оқыту үдерісінде білім алушыларды мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасауға төселдіре отырып, сөйлесім әрекетіне тән оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім компоненттерін кешенді меңгерту нәтижесінде олардың ақпараттық, қатысымдық және өздігінен шешім жасау, мәдени-танымдық құзіреттіліктерін дамытудың жолдарын анықтауға мүмкіндік жасайды.

Табиғилық қағидасы оқыту табиғи және әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-қоғамдық үдерістердің өзара байланысына және білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуда олардың жеке тұлғалық және жас ерекшеліктерін ескеруге негізделеді.

Білім алушыны тұлға деп тану қағидасы – заманауи білім беру талаптарымен үндесетін, ізгілікке негізделген оқыту жүйесі. Әр білім алушыға құрметпен қарап, оның таңдау құқықтарына еркіндік беру арқылы өздігінен шешім жасауға, өзін-өзі дамытуына жол ашады.

Тілдің әлеуметтік мәнін арттыру қағидасы тілді оқытудың инновациялық технологияларын қолдануды әлеуметтік ортаның талаптарымен сәйкестендіруге, қоғамдық сұраныммен ұштастыруға ықпал етеді. Тұлғаның әлеуметтенуіне қажетті ұтымды шарттарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білім беруді демократияландыру қағидасы білімді меңгерту үдерісінде білім алушылардың ой еркіндігі мен сөз бостандығына негізделіп келіп, олардың ынтымақтастығына құрылатын оқыту жүйесін іске асырады. Бұл қағида оларды адамгершілік рухында тәрбиелеп, қарым-қатынас мәдениетін дамытуды көздейді.

Қазақ тілін деңгейлік меңгеруге арналған бағдарламалар қазақ тілін деңгейлік жіктелім бойынша нақты нәтижелерге жеткізуге тиісті пәннің мазмұнын, игерілетін білім, білік және дағдылар көлемін, сондай-ақ оқыту жылдары бойынша бөлінген тақырыптарды анықтайтын базалық-нормативтік құжат болып саналады.

Қазақ тілін деңгейлік оқытуға негіз болатын базалық-нормативтік құжаттар

Қазақ тілін деңгейлік оқытуда «Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты мен қазақ тілінің деңгейлік оқу бағдарламалары басшылыққа алынады.

Тұжырымдама - Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде мемлекеттік жалпы стратегиялық саясаттың мақсаты мен міндетіне, білім мазмұнының негізгі бағыттарына сай пәнді оқытудың әдіснамалық негіздерін: парадигмаларын, ұстанымдары мен қағидаларын, бағыттарын айқындай отырып, пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттерін белгілейтін, оларды іске асыру шарттарын анықтайтын базалық-нормативтік құжат.

Білім стандарты - пән бойынша оқушылардың барлығы қол жеткізуі тиіс білім мазмұнының минималды көлемін, оқу жүктемесі көлемін және білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптарды құзіреттілік тұрғысынан анықтайтын базалық-нормативтік құжат.

Білім беру жүйесіндегі индикатор – білім алушының білім, білік, дағдыларын бағалау өлшемдері.

Қазақстан Республикасының қазақ тілді емес жалпы білім беретін ұйымдарында «Қазақ тілі» пәнін деңгейлік **оқыту нәтижесін бағалау индикаторы** – тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейін бақылау мен бағалаудың өлшемдері.

Оқу бағдарламасы – оқу пәні бойынша меңгертілуге тиісті білім мазмұнын, білім, білік және дағдылар көлемін, сағат мөлшерін, сондай-ақ, оқыту жылдары бойынша бөлінген тақырыптарды анықтайтын нормативтік құжат.

Қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгертудің оқу-әдістемелік кешені

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі пәніне арналған оқу-әдістемелік кешен: бағдарлама, оқулық, мұғалім кітабы, дидактикалық материалдар, лексикалық минимум, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы, оқушылардың тілін дамытуға арналған хрестоматиялар, сынақ, емтихан сұрақтары, тест жинағы, деңгейлік тапсырмалар жинағы, сөздік, суреттер, тірек-сызбалар, кеспе қағаздар жинағы, қызықты грамматика материалдары, т.б.

Қазақ тілі оқулығы. Оқулықтың жасалу теориясы, оқулықтың жүйелік-құрылымдық сипаты. Қазақ тілі оқулықтарының даму жолы және оқулықтағы теориялық және практикалық материалдардың берілуінде сәйкестіктердің сақталуы. Мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілі оқулықтарының ерекшеліктері. Лексикалық және теориялық материалдардың берілу логикасы. Лингвистикалық материалды оқу мақсатына сәйкес лингводидактикалық тұрғыдан меңгерту негіздері. Жаттығуларды, тапсырмаларды оқулықтарда орналастыру желісі.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде

“Қазақ тілі” пәні арқылы меңгертілетін құзіреттіліктер

Құзіреттілік түрлері: лингвистикалық құзіреттілік, қатысымдық құзіреттілік, лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік, ақпараттық құзіреттілік, проблемалардың шешімін табу құзіреттілігі.

Ақпараттық құзіреттілік – тіл үйренушінің қатысымдық және танымдық мақсатқа байланысты өзіне қажетті ақпаратты табу, түсіну, оның мазмұнын жеткізу, талдау, өңдеу, сақтау, тапқан ақпаратты өзінің қажетіне қарай пайдалана алу және жаңа ақпараттық технологияларды игеру біліктілігі.

Коммуникативтік құзіреттілік – түрлі әлеуметтік-өмірлік жағдаяттарда қазақ тілінде ауызша және жазбаша түрде қатысымға түсу, қатысымдық міндеттерді шешу, өзінің ойын, пікірін, көзқарасын білдіре алу және диалогтік, полилогтік тілдесімге қатысып, әлеуметтік ортада өзін таныта алу біліктілігі.

Проблемалардың шешімін табу құзіреттілігі – күнделікті өмір жағдаяттарында өз алдына мақсат қойып, оны жүзеге асыруда тілден игерген білім, білік, дағдыларын ұтымды қолдана алу біліктілігі.

Лингвомәдени танымдық күзіреттілік – қазақ тілін меңгеру барысында қазақ халқының қатысымдық-сөйлесімдік ерекшеліктерін ескеру, тілдің лингвомәдени нормаларын сақтау, мәдениаралық қатынасты жүзеге асыру біліктілігі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің жүйесі

Қазақ тілін оқыту әдістемелік жүйесі: оқытудың мақсаты, міндеті, білім мазмұны, оқыту формалары, әдістері, күтілетін нәтижелердің бірлігі. Қазақ тілін деңгейлік оқыту дегеніміз – әр білім алушының қазақ тілінде сөйлеу деңгейін анықтай отырып, әркімнің сұранысы мен тілді білу деңгейіне сәйкес қазақ тілін коммуникативтік-танымдық тұрғыдан меңгерту; деңгейлер бойынша ауызша/жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; тіл үйренушінің түсіну, сөйлеу, жазу, тілдесу дағдыларын қарапайымнан күрделіге бағытталған талаптар бойынша дамыту.

Қазақ тілін деңгейлік оқытудың түпкі нәтижелері ретінде Қазақ тілін деңгейлік меңгерту – қазіргі кезеңде өзекті мәселелердің бірі. Себебі қазақ тілін оқытуда оқушының қазақ тілін білу деңгейін анықтап, әр оқушының тілді білу дәрежесіне сәйкес қазақ тілін үйрету маңызды. Қазақ тілін деңгейлік меңгертудің мақсаты – қазақша тілдік қатынасқа қажетті ережелер мен қатысымдық бірліктерді таңдап қолдану арқылы тіл үйренушіні өз деңгейінде ойын дұрыс, түсінікті жеткізе білуге үйрету. Қазақ тілінде тыңдағанын және оқығанын түсінуге дағдыландыру, сөйлеуге, жазуға үйрету. Осы тұрғыдан келгенде студенттерге тілдік қатысым теориясын, тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан оқыту әдістерін игерту көзделеді.

Тіл үйретудегі тиімді әдістерді классификациялау туралы түрлі көзқарастар. Лингвистикалық әдістер және олардың қазақ тілін меңгертуде қолданылуы. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде мемлекеттік тілді оқыту әдістері, олардың түрлері мен маңызы, ерекшеліктері.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгертуде тілді белгілі бір заңдылықтар жүйесі ретінде ұсына отырып, қарым-қатынас құралы ретіндегі практикалық мәніне басымдылық беру. Тілді оқытудағы (меңгертудегі) негізгі әдіс – қатысым әдісі. Қатысым әдісі – тілдің қарым-қатынастық табиғатынан туындайтын жетекші әдіс. Қатысым әдісінің ұстанымдары, өзіндік белгілері.

Қазақ тілін деңгейлік оқытудағы инновациялық технологиялар: түрлері, ерекшеліктері, сипаты

Қазақ тілін деңгейлік оқытуда нәтижелі болуы *инновациялық технологияларды* саралап пайдалануға байланысты. Оқытудың әдістерін бір мақсатқа жұмылдыра ұйымдастыруда оқыту технологияларын талғап қолдану маңызды. Тілді оқытуда ең жиі қолданылатын технология – *оқытудың коммуникативтік технологиясы*. Сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) қатысымдық бағытта өзара сабақтастыра қолдану, білім алушының қазақша дұрыс сөйлеуі мен сауатты жазуына ықпал етеді. Бұл технологияның мақсаты – білім алушының тілдік қарым-қатынастағы тілдесім шеберлігін қалыптастыру. Аталған технология оқу үдерісінде монологтік, диалогтік, полилогтік тілдесімге қажетті жағдайларды туғызады.

Дамыта оқыту технологиясы жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту; теориялық білімнің жетекші рөлі; оқу материалын жеделдете оқыту; оқу үрдісін студенттің сезінуі; барлық білім алушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу тәрізді ұстанымдарды басшылыққа алады. Бұл технология білім алушыны бағдарлама бойынша тапсырманы орындай білуге, берілген тапсырманы жаттап алуға емес, оның мазмұны мен мағынасына мән беруге үйретуді көздейді.

Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Бұл технологияның мақсаты - білім алушының теориялық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

Тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясы. Ол оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде білім

алушының жеке бас ерекшелігін ескереді және ол үшін оқу міндеттерін жүзеге асырудың қолайлы шарттарын туғызады. Осы оқыту технологиясы білім алушының психологиялық, физиологиялық күйіне негізделуі тиіс.

Оқытуды ізгілендіру технологиясы – қазақ тілін меңгертуде жиі қолданылатын технология. Ізгілендіру технологиясының түпкі мақсаты – білім алу барысында жеке тұлғаның ерік-жігерімен өмір сүруге бейімдеп, кез келген жағдайлардан жол таба алатын, өз пікірін ұсына және қорғай алатын гуманист азамат қалыптастыру.

Проблемалық оқыту тіл үйренушінің репродуктивті, продуктивті және шығармашылық қызметін жетілдіруді көздейді. Проблемалық жағдаят тіл үйренушінің ойлау қабілетін жетілдіреді, өздігінен шешім қабылдауға жетелейді. Бұл технология тіл үйренушілердің өз бетінше іздену әрекеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ақпараттық-компьютерлік технологиялар. Ақпараттық технологияларда бейнероликтерді, ғаламтор ресурстарын, мультимедиялық құралдарды, үн және бейне таспаларды, ақпараттық технология құралдарын, электронды оқулықтарды, компьютерлерді, лингафондық аппараттар қолданылады.

Жобалау технологиясының мақсаты – білім алушының шығармашылық-зерттеушілік қабілетін дамыту. Сөйлеуге төселдіруде күзиреттілік қатынас аясында білім алушылардың өз бетімен іздену күзиреттілігін қалыптастыруға, әрекеттік, танымдық, креативтік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін жобалық технологияларды орынды қолданудың маңызыды.

Білім беру технологияларын қазақ тілін деңгейлік оқытуда ұтымды қолдану білім алушының практикалық дағдыларынан бөлек оқу, талдау және мәтін материалын жүйелеу барысында мәтінде берілген мәселелерді сыни тұрғыдан түсіну қабілеті мен интеллектуалдық дағдыларын жетілдіреді.

Қазақ тілін деңгейлік оқытудағы интерактивтік әдістер. Қазақ тілін оқытудың формалары

Интерактивті әдістер білім алушылардың түрлі топтық, жұптық, ұжымдық тапсырмаларды орындау барысындағы өзара әрекетін ұйымдастырудың тиімді жолы ретінде қолданылады.

Оқытудың интерактивті моделін қолдану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды пайдалануды, мәселені бірлесіп шешуді көздейді. Мұнда оқу үдерісінде белгілі бір тұлғаның немесе идея иесінің тілді білу деңгейі мен қабілетіне мән беріледі. Тіл үйренуші өз ұстанымы бар әрекет субъектісіне айналады.

Интерактивті оқыту кезінде білім алушының тілді меңгеру барсындағы ойлау жүйесіне, қоршаған ортаны қабылдау, пайымдау, талдау бағамына көңіл бөлінеді. Интерактивті әдістермен сабақ өткізу кезінде мұғалім тек кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Мұғалім жаңа білім берумен бірге білім алушыларды өз беттерінше ізденуге жетелейді. Мұғалім белсенділігі тіл үйренушінің ойлау белсенділігімен алмастырылып, оның міндеті сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтамасыз ететін оңтайлы жағдай тудыру болып табылады.

Білім алушыларға қазақ тілін меңгерту бағытындағы ұйымдастырылатын жұмыс түрлері тіл үйренушілердің санына, оқыту мақсатына қарай үш топқа жіктеледі: дербес, топтық, ұжымдық. Ұжымдық жұмыстарда «Дөңгелек үстел», ойталқы, пікіралмасу, іскерлік ойындар қамтылады. Топтық жұмыстар аясында рөлдік ойындар, ойкөкпар, пікірсайыс, тренинг ұйымдастырылады. Ал дербес орындалатын жұмыстар жүйесіне синектика, деңгейлік тапсырмалар, өздік жұмыстар, шығармашылық жұмыстар біріктіріледі.

Қазақ тілді емес мектептерде тілді деңгейлік оқыту аясында интерактивті әдістер білім алушылардың тілді үйренуін қамтамасыз етіп, олардың оқу мотивтерін, қажеттіктерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін мұндай әдістер сабақ сапасын арттырады. Бұл әдістер шығармашылық, проблемалық және жағдаяттық тапсырмалар, пікірталас түрлері, креативтік, іскерлік

ойындар, синектика, «ойға шабуыл» және т.б. әрекеттік жұмыстар арқылы іске асырылады.

Қазақ тілі сабақтары, оның түрлері және ішкі құрылымы мен жүйесі. Қазақ тілін оқытудың басқа түрлері және оларды жүгізу ерекшеліктері: факультативтік сабақ және сабақтан тыс жұмыстар.

Өзге тілді мектептерде қазақ тілін тереңдете оқыту. Қазақ тілін тереңдете оқытудың мақсаты мен міндеттері. Тереңдете оқылатын қазақ тілі бағдарламасын жасаудағы оқушының даму ерекшеліктерін негізге алу. Тереңдете оқытудағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық білім мазмұны. Орта мектепте оқылатын қазақ тілі бағдарламасымен байланыстылығы.

Сөйлесім әрекеті – қазақ тілін деңгейлік оқытудың тетігі

Қазақ тілін оқыту сөйлесім әрекетінің түрлерін сабақта тұтас бірлікте қолданумен байланыстылығы. **Сөйлесім әрекетінің** тілдік жүйемен және қарым-қатынас жағдаятына негізделген хабарды беру және қабылдау, шығармашылық және рецепция үдерісі екендігі. Ол тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім секілді негізгі сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы іске асады.

Сөйлесім әрекетінің түрлерін оқытудың нәтижесі: айта алу, тыңдай алу, оқи алу және жаза алу сөйлеу біліктіліктері болып табылады. **Сөйлеу біліктіліктері** – қарым-қатынас үдерісінде сөйлесім әрекетін орындай алу қабілеті. Кез-келген адам тілді меңгере алады, бірақ тілді меңгеру деңгейі (сөздік қордың көлемі, грамматикалық құралдарды меңгеру деңгейі, стильдерді және т.б. меңгеру) әр түрлі болады.

Сөйлеу біліктілігі сөйлеу дағдысының нәтижесінде қалыптастады. **Сөйлеу дағдысының** оқушылардың сөйлеу операцияларын автоматты түрде орындай алу қабілетін білдіретіндігі.

Сөйлесім әрекеті түрлерін қалыптастыру әдістемесі

Сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) қатысымдық бағытта өзара сабақтастыра қолдану, білім алушының қазақша дұрыс сөйлеуі мен сауатты жазуына ықпал етеді.

Тыңдалым бойынша білім алушы оқытушының сөзін, сабақты түсіндіруін және тіл үйренушілердің әртүрлі хабарламаларын тыңдап, оның мазмұнындағы негізгі және қосымша ақпараттарды түсіне алады. Мысалы, мәтінмен жұмыс кезінде мәтінге баға беріп, мәтінді қолдау, ризашылығын (қарсылығын) білдіру, таңданысын, қызығушылығын, мақтаныш сезімін, өкінішін, қуанышын, ренішін, қорқынышын, үмітін білдіру және т.б. әрекеттерді жүзеге асырады.

Оқылым бойынша білім алушы берілген тапсырмаға қатысты мәліметтерді алуға болатын әдебиеттерді, материалдарды және ұсынылған тапсырмаларды оқып, оның мазмұнын және негізгі тақырыбын түсінуге дағдыланады.

Айтылым бойынша тіл үйренуші түсінгенін ауызша айтып, берілген сұрақтарға жауап беруге, сұрақ қоя білуге, өз ойын айта білуге, түсінгенін өз сөзімен әңгімелеп беруге жаттығады. Сонымен қатар мәлімдеме, баяндама және т.б. жасайды, баяншыны қолдауға не қарсы пікірін дәлелдеуге дағдыланады. Білім алушы берілген тақырып бойынша пікір айтып, оқыған немесе тыңдағаны бойынша жаттығулар орындайды. Мәтінде берілген тұжырым, пікірлерге және т.б. қатысты өз көзқарасын айта білуге дағдыланады.

Жазылым бойынша білім алушы тапсырма мазмұнын терең түсініп, оны өз сөзімен жазбаша баяндай білуге, осы тақырып бойынша жеке көзқарасын, тұжырымын жазбаша сауатты жеткізуге, жиналған ақпараттар туралы өзінің пікірін хабарлап, қорытындылауға, ашықхат, реферат, тезис, баяндама және т.б. жазуға үйренеді.

Тілдесім бойынша адамдармен толыққанды тілдік қарым-қатынас жасауға, топ

алдында сөйлеуге, өз пікірін дәлелдеуге, білім, білік, дағдысын түрлі жағдаяттарда дұрыс қолдануға және т.б. дағдыланады. Диалогтік сөйлеуде білім алушы баяншының ақпаратының мазмұнын түсіну, өткен тақырыптар бойынша пікір алысу, сөйлеушінің репликасына жауап қайтару, диалогті аяқтай білу, өзінің ойын айта білу және т.б. осы тәрізді бірлескен әрекеттерді, жұмыстарды атқарады.

Грамматиканы қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесі

Өзге тілді мектепте қазақ әліпбиін оқытудың мақсаты мен міндеттері. Қазақ тілін үйретуде тілдің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерудің маңызы. Қазақ тіліне тән фонетикалық заңдылықтар. Фонетиканы сөйлесім әрекетімен бірлікте меңгерту. Фонетикалық талдау. Фонетикалық жаттығу және оның түрлері. Фонетиканы оқытумен байланысты орфоэпиялық және орфографиялық дағдылардың қалыптастырылуы. Фонетикалық диктанттар.

Қазақ тілінің лексикасын қатысымдық тұрғыдан оқытудың мақсаты мен міндеттері. Лексикалық минимумдар. Оларды іріктеудің ұстанымдары. Лексикалық бірліктер және оларды меңгерудің әдіс-тәсілдер жүйесі. Өзге тілді оқушы тілінде кездесетін лексикалық қателер және оларды болдырмау жолдары. Сөздік түрлері (аударма, түсіндірме, суретті). Лексиканы оқытуда көрнекілік пен сөздіктерді қолдану жолдары.

Өзге тілді мектептерде грамматиканы қатысымдық тұрғыдан оқытудың мақсаты мен міндеттері. Тілді меңгертудегі грамматиканың орны. Грамматикалық минимум. Грамматикалық минимумды анықтаудың ұстанымдары. Грамматиканы толыққанды тілдесімге жетудің жолы ретінде меңгерту. Қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматика сөйлеуді үйретуге қызмет етеді және қолданбалы мәнге ие болады. Грамматикалық дағды, оның түрлері және дағдының қалыптасуы. Дағдыны қалыптастыруда жүргізілетін жаттығу түрлері. Грамматиканы сөйлесім әрекетімен байланыста меңгерту.

Эмпирикалық және теориялық грамматикалық талдау әдістерін оқушыларға меңгерту әдістемесі. Талдаудың түрлері. Грамматикалық терминдер.

Оқушылардың әр түрлі іскерлік дағдыларын қалыптастыруда, грамматикалық қателерді болдырмау үшін алдын ала жұмыс жүргізуде, тілін байытуда грамматиканы оқып-үйренудің аса зор рөл атқаратындығы.

Грамматиканы меңгертуде көрнекілік (сурет, сызбалар, таблица, тілдік ойындар, сөйлесім үлгілері) пен қосымша оқу құралдарын пайдалану әдістемесі.

Қазақ тілінен меңгерген білімді бағалау жүйесі мен өлшемдері (индикаторлар)

Білім беру жүйесіндегі индикатор – білім алушының білім, білік, дағдыларын бағалау өлшемдері.

Қазақстан Республикасының қазақ тілді емес жалпы білім беретін ұйымдарында «Қазақ тілі» пәнін деңгейлік оқыту нәтижесін бағалау индикаторы – тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейін бақылау мен бағалаудың өлшемдері.

Білім алушылардың сөйлеу әрекеті дағдыларын бағалаудың сапалық көрсеткіштері.

Практикалық сабақтар

Қазақ тілін деңгейлік оқыту әдістемесі: әдіснамалық негіздері

Өзге тілді мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесінің міндеттерін анықтау. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының зерттеу нысаны мен пәнін айқындау.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық жүйесі және оны меңгерту жолдарын саралау.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалымдар – Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Қ.Басымов, Ғ.Бегалиев, Ш.Х.Сарыбаев, Ы.Маманов және т.б. еңбектерін талдау. Ж.Адамбаева, Б.Құлмағамбетованың орыс мектебіндегі қазақ тілін оқытуға арналған еңбектерін талдау. Өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқытуға байланысты зерттелген еңбектерді талдау. Еңбектерге библиографиялық көрсеткіштер жасау.

Өзге тілді мектептерде қазақ тілі пәнінің мемлекеттік тіл ретінде оқытылу ерекшелігі мен заңдылықтарын жүйелеу. Қазақ тілі пәнінің білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын белгілеу.

Дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолдану жолдарын меңгеру.

Қазақ тілі пәнінің басқа пәндермен байланысын анықтау.

Лингводидактиканың дамуындағы психологиялық тұжырымдарды нақтылау. Тіл үйретудегі мотивтердің (әлеуметтік және танымдық) маңызын дәйектеу.

Өзге тілді мектептерде қазақ тілін меңгертуде басшылыққа алынатын жалпыдидактикалық және арнайы бағыттарды жүйелеу.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесінің лингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, когнитивтік негіздерін пайымдау.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін үйрету барысында лингвомәдениеттанымдық аспектілерді ажырату.

Қазақ тілін деңгейлік оқытудың жаңа тенденциялары, парадигмалары, қағидалары мен бағыттары

Қазақ тілін деңгейлік оқытудың жаңа тенденциялары, парадигмалары, қағидалары мен бағыттары Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді заманауи талаптарға сай оқыту жолдарын әлемдік тәжірибедегі екінші тілді оқыту әдістемесінің басым бағыттарымен сәйкестендіру.

Тілдік қатынас, қатысымдық-танымдық, сөз мәдениеті, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру теорияларының тіл үйренушілердің қазақ тілін өз мүддесіне сай, қатысым мақсатына орай қолдануға төселдіруде маңызын анықтау.

Тілді оқытудың антропоэзектік, интеграциялық білім беру, танымдық білім беру, аксиологиялық, білім беруді ізгілендіру парадигмаларының тілді меңгертудегі рөлін ашу.

Білімнің үздіксіздігі, мәдениет, ойлау, тіл бірлігін жүзеге асыру, білімнің мотивациялық сипатын арттыру, өмірлік дағдыларды жетілдіру, құзіреттілік қалыптастыра оқыту, табиғилық, білім алушыны тұлға деп тану, тілдің әлеуметтік мәнін арттыру, білім беруді демократияландыру қағидаларын тілдік білімді меңгерту үдерісіндегі мәнін таныту.

Қазақ тілін деңгейлік оқытуға негіз болатын базалық-нормативтік құжаттар

Қазақ тілін деңгейлік оқытудың «Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту тұжырымдамасы, стандарты мен қазақ тілінің деңгейлік оқу бағдарламалары талданады.

Қазақ тілді емес жалпы білім беретін ұйымдарында «Қазақ тілі» пәнін деңгейлік оқыту нәтижесін бағалау индикаторындағы тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейін бақылау мен бағалаудың өлшемдері таныстырылады.

Қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгертудің оқу-әдістемелік кешені

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі пәніне арналған оқу-әдістемелік кешен: бағдарлама, оқулық, мұғалім кітабы, дидактикалық материалдар, лексикалық минимум, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы, оқушылардың тілін дамытуға арналған хрестоматиялар, сынақ, емтихан сұрақтары, тест жинағы, деңгейлік тапсырмалар жинағы, сөздік, суреттер, тірек-сызбалар, кеспе қағаздар жинағы, қызықты грамматика материалдары, т.б. талданады.

Қазақ тілі оқулықтары. Өзге тілді мектептердегі қазақ тілі оқулықтарының ерекшеліктері. Оқулыққа құрылымдық, мазмұндық талдау жасау. Оқулықтардағы сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) меңгертуге бағытталған қатысымдық тапсырмаларды саралау.

Оқу-әдістемелік кешен. Оқу-әдістемелік кешеннің жүйесі: оқу бағдарламасы, оқулық, мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық, оқу кітабы, жаттығулар жинағы, лексика-грамматикалық минимум, тест жинағы, сөздіктер. Техникалық құралдар: компьютер, электронды оқулықтар, электронды көрнекі құралдар, интерактивті тақта, проектор қондырғыларды пайдаланып үйрену.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде “Қазақ тілі” пәні арқылы меңгертілетін құзіреттіліктер

Құзіреттілік түрлері: лингвистикалық құзіреттілік, қатысымдық құзіреттілік, лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік, ақпараттық құзіреттілік, проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерінің құрауыштары таратылады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің жүйесі

Қазақ тілін оқыту әдістемелік жүйесі: оқытудың мақсаты, міндеті, білім мазмұны, оқыту формалары, әдістері, күтілетін нәтижелері жеке-жеке және өзара сабақтастықта түсіндіріліп талданады.

Қазақ тілін деңгейлік оқытудағы инновациялық технологиялар: түрлері, ерекшеліктері, сипаты

Қазақ тілін деңгейлік оқытуда нәтижелі болуы *инновациялық технологияларды* сараланады. Оқыту технологиялары сөйлесім әрекетінің түрлерін меңгерту тұрғысынан талданады, меңгертіледі.

Қазақ тілін деңгейлік оқытудағы интерактивтік әдістер. Қазақ тілін оқытудың формалары

Қатысым әдісі. Қатысым әдісінің негізгі мақсатын түсіндіру. Қатысым әдісінің тілдесім процестері: тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу, әрекеттері арқылы іске асуын, қатысым әдісінің оқу үдерісінде диалогтік, полилогтік тілдесімге қажетті жағдайларды туғызуын таныту.

Интерактивті әдістер білім алушылардың түрлі топтық, жұптық, ұжымдық тапсырмаларды орындау барысындағы өзара әрекетін ұйымдастырудың тиімді жолы ретінде қолданылатыны түсіндіріледі.

Қазақ тілі сабақтарының түрлері және ішкі құрылымы мен жүйесі, сабақ жүгізу ерекшеліктері талданады. Қазақ тілі сабақтарының түрлері: аралас, жаңа білім беру, қорытындылау, панорамалық, дебат, пікірталас, жарыс, интербелсенді, т.б. сабақтар. Қазақ тілі сабақтарының құрылымы. Қазақ тілі сабақтарының танымдық, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерін анықтап үйрену. Күнтізбелік жоспар дайындау. Сабақ жоспарын жасау. Жаңа сабақтарға тұсаукесер дайындау.

Диктант жүргізу. Диктант түрлері: сөз диктанты, сөздік диктанты, сөйлем диктанты, көру диктанты, өздік диктанты, терме диктант, түсіндірме, еркін, бақылау, шығармашылық диктанты. Диктанттың мәтініне, көлеміне қойылатын талаптар. Диктантты жүргізу әдістемесі. Диктантты тексеру мен бағалау нормалары.

Қайталау сабақтары. Қайталауды жүргізу әдістемесінің ерекшеліктерін талдау. Жинақтай қайталау. Күнделікті қайталау. Токсандық қайталау. Теориялық материал мен практикалық материалды қайталау ерекшеліктерін талдау.

Қазақ тілінен сабақтан тыс жұмыстар жүргізу. Қазақ тілінен сабақтан тыс жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдер жүйесі, олардың мақсаты мен міндеттері. Қосымша сабақтар ұйымдастыру. Қазақ тілінен сыныпаралық, мектепаралық жарыстар жүргізу. Экскурсиялық сабақтар ұйымдастыру. Ғылыми жобалар ұйымдастыру. Қазақ тілін тереңдетіп оқытатын мектептердегі “Арнаулы курстар” жүргізу әдістемесі.

Сөйлесім әрекеті – қазақ тілін деңгейлік оқытудың тетігі
Сөйлесім әрекеті түрлерінің нәтижелерін, сөйлеу біліктіліктерін таратып түсіндіру.

Сөйлесім әрекеті түрлерін қалыптастыру әдістемесі

Сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) қатысымдық бағытта өзара сабақтастыра қолданудың, білім алушының қазақша дұрыс сөйлеуі мен сауатты жазуына ықпал етудің амалдары меңгертіледі.

Грамматиканы қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесі

Грамматиканы меңгерту

Қазақ әліпбиі. Тіл үйретудегі фонетикалық дағдылардың маңызын таныту. Қазақ тілін меңгертудегі дыбыс, әріп, *буын, тасымал, үндестік заңы, орфография мен орфоэпия, екпіннің рөлін түсіндіру.* Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы.

Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесін, олардың айтылуы, жазылуы және қолданылуындағы ерекшеліктерді талдау. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың тіркесім заңдылықтарын түсіндіру.

Дыбыстар үндестігі: буын үндестігі және дыбыс үндестігі. Фонетикалық дағдыларды қалыптастыруда орындалатын жұмыс түрлерін жүйелеу.

Қазақ әліпбиін тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттері арқылы меңгерту жолдарын талдау.

Грамматикалық минимумдарды анықтаудың ұстанымдарымен таныстыру. Грамматиканы коммуникативтік, функционалдық тұрғыдан сұрыптауға үйрету. Мектепте грамматиканы қатысымдық тұрғыдан меңгертудің тиімді әдістерін саралау.

Грамматикалық дағды, оның түрлері және грамматикалық дағдының қалыптасуы. Грамматикалық дағдыны қалыптастыру функционалдық бағытта жүреді. Грамматикалық форма мен функцияны бірлікте үйрету жолдары. Грамматикалық дағдыны қалыптастыруда жүргізілетін кешенді жаттығу түрлерін дайындау.

Қазақ тілін үйретуде дағдының қалыптасу кезеңдері:

1. Құрылымды қабылдау.
2. Имитациялық.
3. Орын ауыстыру.
4. Трансформациялық.
5. Репродукциялық.
6. Құрамалау.

Дағды: әрекетті дұрыс орындау, санадан тыс (автоматтандырылған) орындау, назардың тек мағынаға аударылуы, орындау темпі, аударуға қабілеттілік қасиеттерін қамтиды.

Дағдыны қалыптастыруда орындалатын жаттығу түрлері:

1. Имитациялық жаттығулар.

2. Орын ауыстыру жаттығулары.
3. Трансформациялық жаттығулар.
4. Репродуктивті жаттығулар.

Қазақ тілінен меңгерген білімді бағалау жүйесі мен өлшемдері (индикаторлар)

Қазақстан Республикасының қазақ тілді емес жалпы білім беретін ұйымдарында «Қазақ тілі» пәнін деңгейлік оқыту нәтижесін бағалау индикаторы – тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейін бақылау мен бағалаудың өлшемдері туралы талдау жасау.

Лексиканы меңгерту

Лексикалық минимумды анықтаудың ұстанымдарын талдау. Сөздердің шынайы қарым-қатынастық жағдаятта қолданылу мүмкіндігі, стильдік тәуелсіздігі, сөздің басқа сөздермен үйлесу қасиеті, сөз құрау мүмкіндігі, мағыналық (семантикалық) құндылығы, коммуникация үдерісіндегі мәнділігі, әр сыныптағы лексикалық тақырыптарға сәйкес сөздердің мағынасының кеңеюі ұстанымдары. Активті және пассивті лексика.

Лексиканы меңгертудің жолдары: аударма арқылы, синоним сөздер арқылы, антоним сөздер арқылы, контекст негізінде, санамалау тәсілі арқылы, жаңа сөздің мағынасына түсінік беру арқылы, сурет арқылы және т.б. түрлерін таныстыру.

Сөздіктермен жұмыс жасау жолдарын талдау. Аударма сөздік, түсіндірме сөздік, суретті сөздік, синонимдік сөздік, антонимдік сөздік, фразеологиялық сөздік.

Лексикалық дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастыруда орындалатын тапсырма түрлерін: лексиканы тыңдалым арқылы меңгертуге арналған, лексиканы оқылым арқылы меңгертуге арналған, лексиканы жазылым арқылы меңгертуге арналған, лексиканы тілдесімде қолдануға арналған тапсырмалар жүйесін дайындау.

Студенттердің өздік жұмыстарының тақырыптары

1. Қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі пәнінің нормативтік құжаттарын талдау.
2. Қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі пәнінің мазмұнын жүйелеу ұстанымдары.
3. Қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі пәнінің (оқулықтар, оқу құралдары, дидактикалық құралдар) оқу-әдістемелік кешенін талдау.
4. Бағдарлама мазмұны бойынша берілген лексикалық тарқырыптар аясын сағатқа бөлу.
5. Дәстүрлі және инновациялық әдістерге талдау жасау, салыстыру.
6. Интерактивтік әдіс арқылы дайындалған сабақ үлгілерін жасау.
7. Өзге тілді оқушылардың қазақ тілінде тыңдаған ақпаратын түсінуге бағытталған тапсырмалар жүйесін дайындау.
8. Сөйлесім әрекетін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар дайындау әдістемесі.
9. Оқулықта берілген тақырыптар аясында қатысымдық тапсырмалар дайындау.
10. Дидактикалық ойынның түрлерін жинақтау, оны сабақта пайдаланудың жолдарын ұсыну.
11. 5-6 сыныптың білім мазмұны бойынша жағдаяттық және рөлдік ойын тапсырмаларын жүйелеу.
12. Қазақ тілі пәнінің негізінде қалыптастырылатын күзіреттіліктер.
13. Диалогті меңгертуде орындалатын жаттығулар. Сабаққа қажетті көрнекі құралдар дайындау.
14. Монологті меңгертуде орындалатын жұмыс түрлері.
15. Жоспар, оның түрлері.
16. Тілдесім әрекетін меңгертуде орындалатын жұмыс түрлері.
17. Зат есімді меңгертудің жолдары.
18. Грамматикалық дағдыларды меңгертуде орындалатын тапсырмалар, жаттығулар. Пунктуацияны оқытуға байланысты тірек-схемалар жасау.

19. Жарнамадағы стильдік қателерді жинақтап, таразылау.
20. Ресми іс-қағаздар стиліне мысалдар жинау, оны сабақта қолданудың әдіс-тәсілдерін сұрыптау.

Студенттердің оқытушымен бірлесе орындайтын өздік жұмыстарының тақырыптары

1. Лексикалық бірліктерді іріктеудің ұстанымдары.
2. Грамматикалық минимумдарды анықтаудың ұстанымдары.
3. Ы.Мамановтың әдістемелік еңбектерін талдау.
4. Қазақ тілін деңгейлеп меңгерту мәселесі.
5. Қазақ тілін деңгейлеп меңгерту бағдарламасының құрылымдық, мазмұндық ерекшелігі.
6. Ғылыми жоба жүргізу әдістемесі.
7. Өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқытудың ұстанымдары.
8. Лексикалық тақырыптарды анықтаудың қағидалары.
9. Оқулықтың теориялық және практикалық бөлігін талдау.
10. Ж.Адамбаеваның орыс тілді мектептерде қазақ тілін меңгертуге
11. байланысты еңбектерін талдау.
12. Қолданыстағы оқулықтардың ерекшелігі.
13. Қазақ тілінің әліпбиін меңгертуде пайдаланатын көрнекіліктер дайындау.
14. Оқулыққа енген (5-10 сынып) материалдарды саралап үйрену.
15. Оқулықтың әдістемелік бөлігін саралау.
16. Қосымша әдістемелік еңбектерге сараптама жасау.
17. Б.Құлмағамбетованың еңбектерін талдау.
18. Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар дайындау әдістері.
19. Тыңдалымды меңгерудің әдістері.
20. Айтылымды меңгерудің тәсілдері.
21. Оқылым әрекетін дамытудың жолдары.
22. Өзге тілді мектептерде жазылым дағдысын дамытуда жүргізілетін жұмыстар.
23. Өзге тілді мектептерде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының түрлері.
24. Қатысым әдісі, оның құрауыштары.
25. Сабақ жоспарын жасау.
26. Қазақ тілін интербелсенді әдістер арқылы меңгерту жолдары.
27. Құрмаласты оқытуға байланысты бірнеше көрнекі құралдардың үлгісін жасау.
28. Орфографиялық дағдыларды қалыптастырудағы орфографиялық сөздіктердің маңызы.
29. Соңғы кездері өзге тілді мектептердегі қазақ тілін меңгертуге байланысты қорғалған еңбектеді саралау, талдау.
30. Қазақ тілін оқытудың интерактивтік әдістері.
31. Жағдаяттық тапсырмалар арқылы тіл үйрету жолдары.
32. Қатысымдық жаттығулар негізінде тіл үйрету әдістері.
33. Оқыту процесінде көрнекі құралдарды пайдаланудың тиімділігі.
34. Оқушылардың ақпараттық құзіреттіліктерін дамыту әдістемесі.
35. Оқушылардың қатысымдық құзіреттіліктерін дамытудың жолдары.
36. Грамматикалық ойындардың оқушылардың танымдық қабілетін арттырудағы рөлі.
37. Қазақ тілін жағдаяттық тапсырмалар арқылы меңгерудің тиімділігі.
38. Қазақ тілін рөлдік ойындар арқылы меңгерту жолдары.
39. Гуманитарландыру/ізгілендіру/ - оқыту жүйесін қайта құрудың бір ұстанымы.
40. Қазақ тілін оқыту формалары.
41. Қазақ тілін компьютер арқылы оқыту.
42. Қазақ тілі сабағында пайдаланылатын ойын элементтері.
43. Бағдарламалық және дистанциялық оқыту технологиясы.

44. Модульдік технология, оны пайдаланудың тиімділігі.
45. Дебат технологиясының ерекшеліктері.
46. Қазақ тілін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту.
47. Қазақ тілі сабағында жеке тұлғаны дамыта, дарыта, интеграциялай оқыту.
48. Қазақ тілінен жүргізілетін жазбаша жұмыстар.
49. Тәрбие тамыры – халық даналығында.
50. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту – заман талабы.
51. Қазақ тілі сабағында өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру.
52. Сабақ - оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы.
53. Қазақ тілі сабағының түрлері мен құрылымы.
54. Қазіргі сабақ жүйесі.
55. Сөйлем мүшелерін оқыту.
56. Сын есімді оқыту жолдары.
57. Зат есімді белсенді оқыту жолдары.
58. Қазақ тіліндегі сөйлемдердің интонациясын оқыту.

Негізгі әдебиеттер:

1. Д.Әлімжанов, Ы.Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы.- Алматы: Мектеп,1965.
2. Ә.Исабаев. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
3. А.Әбілқаев. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, Санат, 1995.
4. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы:Ана тілі, 1996.
5. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы., 2006.
6. Оразбаева Ф., Аяпова Т.А., Рахметова Р.С., Исабекова Ұ.К., Нұрсұлтанқызы Ж., Жайлаубаева Қ., Абиыр Қ.Е., т.б. Қазақ тілі оқулықтары. Қарапайым деңгей, негізгі деңгей, орта деңгей, ортадан жоғары деңгей, жоғары деңгей, жетік деңгей. –А., «Жазушы», 2007 ж.
7. Әбілқаев А., Бейсенбайқызы З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Інжу–Маржан», 2009. – 293.
8. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009. – 327 б
9. Бейсембаева З.Б. Жоғарғы оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы. ҚазМемҚызПУ, 2009. – 278.
10. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Көпбаева Ж.С., Мазібаева Ж.О. Қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру стандарты мен бағдарламасы. Қарапайым деңгей. – Алматы, 2010.
11. Даулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. – Алматы: ҚБТУ, 2010. – 240.
12. Оразақынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. – Алматы, Дайыр, 2007. - 289 б.
13. Оразбаева Ф.Ш., Аяпова Т.А., Дәулетбекова Ж.Т., Рахметова Р.С., Рауандина А.Қ. Қазақ тілі. Оқу бағдарламалары. Оқу қазақ тілінде емес жалпы білім беретін мектептердің 1-4, 5-9, 10-11 сыныптарына арналған. Қарапайым және бастапқы деңгей, негізгі деңгей, орта деңгей, ортадан жоғары деңгей. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Алматы, «Нұрай Принт Сервис» ЖШС, 2010.
14. Сатбекова А.А. Жобалай оқыту технологиясы. Қазақ тілі өзгетілді дәрісханаларда (гуманитарлық бөлім) / Монография. - Алматы, 2011.
15. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. / Оқу құралы. - Алматы, 2011

16. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері. Монография. – Алматы, 2012. -220 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. – Егемен Қазақстан. 2006. 27 мамыр.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпанындағы № 550 Жарлығы // Ана тілі газеті. – 2001.
3. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты.- Языковая политика в Республике Казахстан: құжаттар жинағы // Сб.документов. – Астана: Елорда 1999. – Б. 57- 72.: Б. 94-98.
4. Мұсабекова Ф. Тыныс белгілерін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы:Мектеп, 1959.
5. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. Алматы, 1959.
6. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1965.
7. Арғынов Х. Қазақ тілі синтаксисі мен пунктуациясының методикасы. Алматы: Мектеп, 1974.
8. Кәтембаева Б., Нұрғалиева М. Морфологияны оқытудың методикасы. Алматы:Мектеп, 1975.
9. Прудникова А.В. Лексика в школьном курсе русского языка. Москва, 1979.
10. Балақаев М. Тіл мәдениеті және мектепте, қазақ тілін оқыту. Алматы:Мектеп, 1982.
11. Напольнова Т.В. Активизация мыслительной деятельности учащихся на уроках русского языка. М., 1983.
12. Зельманова Л.М. Наглядность в преподавании русского языка. М., 1984.
13. Ломизов А.Ф. Выразительное чтение при изучении синтаксиса и пунктуации. М., 1986.
14. Панов В.Т. Типы и структура уроков русского языка. Москва, 1986.
15. Құлмағамбетова және т.б. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1988.
16. Қараев Ж., Ешеева Ж. Программалап оқыту және оның компьютерді оқытуға пайдаланумен байланысы. А., 1991.
17. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
18. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 1993.
19. Жапбаров А.Стилистиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 1995.
20. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы:Санат, 1995.
21. Құрманбаева Г., Дүйсебаева С. Дарыту, дамыту, интеграция. А., 1998.
22. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. А., 2001.
23. Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері: дис. ... пед. ғыл. докт.: 13.00.02. - Алматы, 2001. – 286.
24. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі: дис. ... пед. ғыл. докт.: 13.00.02. - Алматы, 2001. – 374 б.
25. Бейсембайқызы З. Қазақ тілін модуль негізінде оқыту. А., 2001.
26. Жорақпаева М.Д. Ет–сүт биотехнология бөлімі студенттеріне қазақ тілін тыңдалым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі (жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне арналған): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2002. – 156 б.
27. Шаханова Р. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: дис. ... пед. ғыл. докт.: 13.00.02. – Алматы, 2002. – 327 б.
28. Рахметова Р.С. Сөз тіркесі синтаксисі және оны оқыту әдістемесі. А., 2003.
29. Уабиева Ә.Ә. Кәсіптік мектептің 10-11 сынып оқушыларына қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесі (орыс бөлімінің тігінші мамандығына

- арналған): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2003.– 188 б.
30. Абдразакова Ф. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғарғы оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2003.
 31. Нұрғали С. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі үстеулерін айтылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі (заң факультеті орыс бөлімінің жалғастырушы топтары үшін): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2003 – 145 б.
 32. Бейсенбекова Г. Оқылым процесі: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Мария», 2003. – 105.
 33. Божович Е. Психология личности. –М., 2003.
 34. Әбдісүлейменова Р.Ш. Қазақ тілін техникалық жоғары оқу орындарында тілдесім әрекеті арқылы оқыту әдістемесі. (Мұнай-газ мамандығы бойынша): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 184 б.
 35. Мұратбекова А.М. Қазақ тілінің кәсіби бағытталған лексикасын жазылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 185 б.
 36. Тұрсынова Г. Қазақ тілін тау-кен факультеті студенттеріне қатынас құралы ретінде меңгерту әдістемесі (Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдері үшін): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 127 б.
 37. Рахимбаева Р. Қазақ тілінің фонетикасын орыс мектебінің 4-сынып оқушыларына қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 170 б.
 38. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы, «Сөздік-Словарь», 2005.
 39. Сүлейменова Ж. Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореф. ... пед. ғыл. докт.: 13.00.02. - Алматы, 2005. – 50 б.
 40. Мұқанова Қ.Қ. Қазақ тілін журналистика бөлім студенттеріне қарқынды оқыту технологиясы: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 25 б.
 41. Әлметова Ә.С. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2007. – 316 б.
 42. Кашкин В.Б. Основы теории коммуникации. Краткий курс. – Москва, «Восток-Запад», 2007.
 43. Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. – М.: URSS 2007. – 173 с.
 44. Викулова Л.Г., Шарунов А.И. Основы теории коммуникации. Практикум. – Москва, «Восток-Запад», 2008.
 45. Пірімбетова С.К. Орыс тілді мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілін дамыту әдістемесі (5-6сынып). П.ғ.к..ғылыми даярлау үшін д.- Ал., 2009.
 46. Педагогикалық ғылыми мұра. Дәстүрлі әдіс және жаңа технология. Ред. Бас. Оразбаева Ф.Ш. Алматы. Ан Арыс -2009.- 120 б.
 47. Токжанова А.М. Обогащение речи учащихся глагольной метафорой на уроках русского языка в старших классах школ с казахским языком обучения. Дисс. на соиск.д.п.н. – А., 2009.
 48. Сапарбаева А.М. Формирование лексико-стилистической компетенции студентов неязыковых вузов в практическом курсе русского языка (не материале глаголов). – А., 2009.
 49. Сәтбекова А.А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім): пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 55 б.
 50. Васенкова М.В. Технология интерактивного обучения русскому языку учащихся начальной ступени образования в школах международного типа (русский язык в системе начального, среднего, высшего образования). Дисс.на соиск.к.п.н. – Алматы, 2010.
 51. Кукушин В. С. Дидактика (теория обучения): учебное пособие / В. С. Кукушин. – 2-е изд. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2010. – 366 с. – (Педагогическое образование).

52. Контекстно-интегративная технология обучения русскому языку как неродному студентов-филологов в педагогическом вузе. Дисс. на соиск.д.п.н. – А., 2010.
53. Кульгильдинова Т.А. Научно-методические основы формирования когнитивно-коммуникативной компетенции на уроках русского языка в начальных классах (в школах с русским языком обучения). Дисс.на соиск.д.п.н. – Алматы, 2010.
54. Тогжанов Г.К. Отбор и активизация общественно-политической лексики в речи студентов на практических занятиях по русскому языку. Дисс. на соиск.к.п.н. – А., 2010.
55. Рауандина А.Қ. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6 сыныптары). – А., 2010 ж.
56. Әлібаева М.С. Кәсіби қазақ тілін витагендік технология арқылы оқыту әдістемесі (экономика мамандығы бойынша): пед.ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 27 б.
57. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы / Құрас. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова және т.б. –Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.-30 б. А1.
58. Кукушин, В. С. Введение в педагогическую деятельность : учебное пособие / В. С. Кукушин. – 3-е изд. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2010.– 256 с.(Педагогическое образование).
59. Бордовская Н.В. Современные образовательные технологии. М.: КноРус, 2011. - 432 с.
60. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы / Құрас. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова және т.б. –Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.-54 б. А2
61. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы / Құрас. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова және т.б. –Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.-54 б. В1
62. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырып-тық лексикалық минимумы / Құрас. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова және т.б. –Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.-108 б. В2
63. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырып-тық лексикалық минимумы / Құрас. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова және т.б. –Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.-156 б. С1
64. Бордовская Н.В., Реан А. Педагогика. Учебное пособие. СПб.: Питер, 2011. -304 с.
65. [Якушева С. Д.](#) Основы педагогического мастерства. Учебное пособие. Серия: [Среднее профессиональное образование](#). Изд.: [Академия](#). 2011 г. - 250 с.

Интернет көздері:

1. kollegi.kz
2. <http://collegu.ucoz.ru>
3. www.kitaphana.kz/
4. www.kaznpu.kz
5. www.nachalka.seminfo.ru
6. <http://nachalka.seminfo.ru/course/view.php?id=17094>

Құрастырғандар:

Оразбаева Ф.Ш. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор
 Дәулетбекова Ж.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, доцент
 Рауандина А.Қ. - педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

КАОА 3302 Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

2 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Тебегенов Т.С. – ф. ғ. д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ
Икапова Д. – п. ғ. к., профессор Қазақ-Америка университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің басты мақсаты – өзге тілде оқитын шәкірттерді әдебиетіміздің үздік туындыларымен түпнұсқада таныстыру арқылы қазақ әдебиеті туралы ұғым қалыптастырып, көркем мәтіндердің негізінде қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, сөйтіп оқушылардың қазақ әдебиеті шығармаларын өз бетінше оқып түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру. Сонымен бірге басқа ұлт өкілдері үшін ұлттық рухани қазынаны, парасатты, ізгілікті, салт-дәстүрді жинақтаған ауыз әдебиеті үлгілерін, жазба әдебиеттің түрлерін тәлім-тәрбие құралы ретінде пайдалану да қарастырылады. Осындай мақсат-міндеттерді іске асыру болашақ мұғалімдердің әдеби білімдеріне, іздемпаздығына, бұл пәннің өзіне тән әдістемесін терең меңгерулеріне байланысты. Сондықтан қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәні негізінде студенттерді осыған дейін меңгерген теориялық білімдері мен білік дағдыларын ұстаздық мамандыққа орай жүзеге асырып, күнделікті оқытушылық қызметке пайдалана білуге баулу және оның тиімді жолдарын ұғындыру, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу, даму тарихы, бүгінгі жағдайы мен проблемалары жөнінде мағлұмат беру, көркем шығармамен жұмыс істеу жолдарын, сабақ түрлері мен сыныптан тыс жұмыстарды жаңашыл технологияларға сәйкес ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін үйрету көзделінеді.

Болашақ мұғалімнің теориялық білім деңгейін үзбей арттырып отыруы, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік білімін үнемі жетілдіруге, осы салада озық тәжірибесімен ерекше танымал болған мұғалімдерден үйренуге мән беруі және қазақ тілінде оқытпайтын мектепте өткізілетін орыс, өзбек, ұйғыр әдебиеті пәнінің мазмұнымен де таныс болуы шартты. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде әдебиетті оқыту әдістемесі пәні бойынша оқылатын дәрістердің, практикалық, семинар сабақтарының, студенттердің өздігінен атқаратын жұмыстарының педагогика мен әдістеме ұстанымдарына, мектеп алдына қойылған қоғам талаптарына сәйкестігі де басты бағдар болып алынады.

Семинар сабақтарында студенттер алдын ала берілген әдістемелік тақырып бойынша баяндамалар жасайды, пікірлесу, ойталқы, дебаттарға қатысады және іскерлік ойын сабақтарын өткізеді. Мұндай сабақтарда студенттің іздену нәтижелеріне, қорытынды ой-түйіндеріне, тақырып мазмұнын ғылыми дәлелдеуге, оның мәнін ашуда әдістемелік нұсқауларына шығармашылық түрде сын көзбен қарауға ұмтылу әрекеттеріне, әрбір педтехнологияның өзіндік ерекшеліктерін, қолдану жолдарын байқап, меңгеруіне ерекше мән беріледі.

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» курсының мақсаты – студенттерге қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың дербес пән ретінде қалыптасуының негіздері, басты мақсат-міндеттері, мазмұны мен оқытудың дидактикалық, әдістемелік ұстанымдары, сабақ берудің жаңа технологиясы жөнінде мағлұмат беру, болашақ әдебиет пәні мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің қалыптастыру болып табылады.

Курстың міндеттері:

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнінің негізгі міндеттері:

- студенттерге қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу, даму тарихы, негізгі бағыттары, оқыту үдерісінің ұстанымдары жөнінде мағлұмат беру;
- қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен әдістемесінің басты салаларымен таныстыру;
- студенттердің осыған дейін меңгерген теориялық білімдері мен білік дағдыларын ұстаздық мамандыққа орай жүзеге асырып, күнделікті оқытушылық қызметке пайдалана білуге баулу және оның тиімді жолдарын ұғындыру.

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнін оқыту барысында **студент:**

- қазақ тілінде оқытпайтын орта мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің құрылысы мен мазмұнын, көркем шығармамен жұмыс істеудің ғылыми-әдістемелік негіздерін, сабақ түрлерінің, тіл дамыту жұмыстарының әдістемесін;

- қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін басқа халықтар әдебиетімен, тіл сабақтарымен ұштастыра оқыту, инновациялық технологияны қолдану жолдарын білуі керек.

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнін оқыту барысында **студент:**

- орта мектептерде қазақ әдебиеті сабақтарын жоспарлауды, сабақты дайындап өткізуді, көркем шығарманы талдау жолдарын, жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін;

- оқушылардың шығармашылығын, өзіндік ой-пікірін, әдеби сөйлеу қабілетін дамытудың амалдарын, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемесін меңгеруі керек.

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнін оқыту үдерісі студенттерде келесі **кәсіби құзыреттілікті** қалыптастыруға және дамытуға бағытталған:

- қазақ тілінде оқытпайтын мектеп оқушыларының қазақ әдебиеті пәнінің мазмұнын қабылдаудағы қиындықтарды анықтай білу және оларды алдын ала шешіп отыру мақсатында оқу материалына дидактикалық саралау, әдеби, әдістемелік талдау жасай алу;

- қазақ әдебиеті сабағының, оқушылардың танымдық әрекетінің, шығармашылық тапсырмалардың, әдіс-тәсілдердің, оқытудың дәстүрден тыс түрлері мен оқу құралдардың ғылыми-әдістемелік негіздемесін түсіне білу;

- қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті сабақтарының түрлерін жоспарлап өткізу, ұжымдық, топтық жұмыстарды, деңгейлік тапсырмаларды модельдеу және оларды іске асыруда күтілетін нәтижелерді анықтай білу;

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнін оқыту үдерісі студенттерде келесі **пәндік құзыреттіліктерді** қалыптастыру мен дамытуға бағытталған. Олар:

- қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың технологиясы мен теориялық негіздері жөніндегі білімді *меңгереді*;

- қазақ әдебиеті сабақтарының дидактикалық мазмұнын, жүргізу логикасын, оқушылардың танымдық әрекеті мен мұғалімнің оқыту амалдарын сыни ойлау тұрғысынан талдай *біледі*;

- жаңа педагогикалық технологияларды қолдану әдістемесін *игереді*;

- көркем шығарманы оқып талдау жұмыстарының негізінде оқушыларды қазақ халқының салт-дәстүрімен, этномәдениетімен таныстыру жолдарын, тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыруды *меңгереді*.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәні.
2. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту үдерісінің және әдістемесінің қалыптасуы мен даму жолы.
3. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің мазмұны. Оқулықтар мен оқу құралдары.
4. Көркем шығарманы оқытудың кезеңдері мен жолдары, олардың ғылыми-әдістемелік негіздері.

5. Көркем шығарманы жанрлық ерекшелігіне сай оқыту әдістемесі.
6. Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың әдіс - тәсілдері
7. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті сабақтары.
8. Қазақ әдебиеті сабағындағы тіл дамыту жұмыстарының түрлері мен әдістемесі.
9. Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар.
10. Сыныптан тыс жұмыстар, сыныптан тыс оқуды ұйымдастырып өткізу жолдары.

Пән пререквизиттері

- Әдебиеттануға кіріспе;
- Қазақ халқының ауыз әдебиеті;
- Қазақ әдебиетінің тарихы;
- Шешендік өнер және мәнерлеп оқу;
- Педагогика;
- Психология.

Пән постреквизиттері

- XXғасырдағы қазақ әдебиеті;
- Сын тарихы;
- Әдебиет теориясы.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ КІРІСПЕ

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәні

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылыми және тәжірибелік пән. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны, әдістері мен методологиялық негіздері, жеке салалары. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қоғамдық мәні, педагогика, психология, әдебиеттану, басқа орыс, өзбек, ұйғыр халықтарының әдебиет тарихымен, эстетика, тіл салаларымен байланысы.

Қазақ әдебиетінің жеке тұлға қалыптастыруда алатын орны, қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде атқаратын танымдық, тәрбиелік, дамытушылық қызметі. Әдебиетті оқытудың дидактикалық, әдістемелік ұстанымдары.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәні мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен адамдық, азаматтық тұлғасына қойылатын өлшемдер, творчестволық қабілеті мен іздемпаздығының оқу-тәрбие ісін атқарудағы мәні. Әдебиет сабақтарының танымдық, тәрбиелік сипатын күшейту, оқушылардың шығармашылығына жүйелі ықпал жасай отырып, оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін, сөйлеу қабілетін дамыту мәселелерін ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту үдерісінің және әдістемесінің қалыптасуы мен даму жолы.

Көркем шығармаларды мектепте оқытуда жасалған алғашқы қадамдар.

Ы. Алтынсариннің жаңа бағыттағы мектептері, олардың халықтық, демократиялық сипаты, әдебиетті білім мен тәрбие берудің құралы ретінде пайдалануға жол салуы, оқытудағы ұстанымдары. Көркем шығарманы оқып-талдау жүйесін қалыптастыруға, басқа тілді мектептерде көркем шығарманы оқытудың жолдарын анықтауға Ы.

Алтынсариннің қосқан үлесі. Әдебиетті оқытудағы педагог көзқарастарының халық этнопедагогикасымен және орыс ғалымдары В.В.Водовозов, В.Я.Стоюнин К.Д.Ушинскийдің тәжірибелерімен байланыстылығы, кейінгі кезеңдердегі оқыту үдерісінде жалғасуы.

XX ғасыр басында әдебиетті оқу пәні ретінде қолдануға, тиісті оқу құралдарын жазуға А. Байтұрсыновтың, М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М.Жұмабаевтың қосқан үлесі. Қазақ халқының сөз өнерін оқу-тәрбие ісінде пайдаланудың ғылыми-тәжірибелік негізін анықтауға деген көзқарастары мен еңбектерінің мәні. Қазақ әдебиетін басқа ұлт оқушыларына жеткізудің танымдық, тәрбиелік маңызы жөніндегі М.Әуезовтің айтқан пікірлері.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетінің пән ретінде оқу жоспарына 1958-59 жылдары енгізілуі. Қазақ әдебиеті пәні бойынша жасалған алғашқы оқу бағдарламалардың, оқулықтар мен хрестоматиялардың мазмұны мен құрылымы. Қазақ әдебиеті сабақтары аудармаларды оқытумен шектеліп, сөз өнерінің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндіктерін толық пайдалануға мән берілмеуінің себебі мен салдары. Бұл жағдайдың басқа тілді мектептерде оқитын балаларға әдеби білім мен халық педагогикасы тұрғысынан тәрбие беру ісіне жасаған зиянды жақтары.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептер үшін қазақ әдебиеті курсының алғаш бағдарламалары мен оқулықтарын жазудағы М.С. Сильченко, Н.С. Смирнова, Ш.Қ. Сәтпаева, Х.Әдибаевтың қосқан үлестері. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту мәселелеріне байланысты ізденістер мен еңбектер, бұл іске ғалымдар мен мұғалімдердің қосқан үлесі, таңдаулы тәжірибелерді насихаттап тарату жолында арнайы «Педагогикалық оқулардың» өткізілуі және «Қазақстан мектебі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Литература в школе», «Русский язык и литература в казахской школе», «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналдарының, т.б. педагогикалық баспасөз құралдарының рөлі.

1990- 1995 жылдардағы білім беру саласындағы өзгерістердің қазақ әдебиетін оқыту сапасын көтеруге тигізген ықпалы. К.Бейбітова, К.Әбілқасымова, К. Сариева, И.Р. Махракова, Б.Кәріпжанова, Р.Көшенова, Ермаханова М.М., және т.б. әдіскер ғалымдардың оқу орыс тілінде жүретін мектептеріне арналған қазақ әдебиеті бағдарламалары мен оқулықтарына, зерттеу еңбектері мен мақалаларына шолу.

1991-2000 жылдардағы білім беру саласындағы өзгерістердің қазақ әдебиетін оқытуға жаңа бағыт әкелгендігі, қазақ әдебиеті пәнін қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің оқу жоспарына 5 сыныптан бастап енгізу, пәнді тұңғыш рет түпнұсқалары арқылы оқыту мәселесінің күн тәртібіне қойылып, іске асырылуы. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласындағы бүгінгі ізденістер мен мәселелер.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетінің мазмұны, оқулықтар мен оқу құралдары

2001 жылы Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясының жалпы орта білім институтының ұйымдастыруымен оқуы орыс, ұйғыр, өзбек тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарына арналған қазақ әдебиеті бағдарламасының, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарының дайындалуы.

Әдебиет пәні бағдарламасының мемлекеттік құжат ретіндегі қызметі, қоғамдық мәні. Оның әдебиеттану, педагогика, психология, оқыту әдістемесі, т.б. ғылымдардың методологиялық принциптеріне сүйене отырып жасалатындығы. Көркем шығарманы оқып талдаудың бағыт – бағдарлары, оқушының білім-білік дағдыларына қойылатын талаптары, т.б. жөніндегі нұсқаулардың әдістемелік мәні. Әдебиет пәні бағдарламаларын мемлекеттік білім стандарты талаптарына сай жетілдіру мәселесі, білім мазмұнын жаңарту бағытындағы соңғы кездегі ізденістердің тигізетін ықпалы.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерге арналған әдебиет пәні бағдарламасының ұлттық мектеп бағдарламасына қарағандағы айырмашылықтары, олардың басты себептері.

Ү-ІХ сыныптардағы қазақ әдебиеті пәнінің ерекшеліктері. Орталау сынып оқушыларының орыс және басқа ұлт әдебиетін оқу нәтижесінде қалыптасқан оқырмандық тәжірибе өлшемдерінің, жас ерекшеліктерінің және шығарма тілін меңгеру деңгейлерінің бағдарламада ескерілуі. Ү-ІХ сыныптарға арналған әдеби оқу материалдарының сатылай жүйелеу принципіне негізделгені. Бұл сыныптардағы әдеби оқу жүйесі, оның негізгі мақсат-міндеттері, жанрлық-хронологиялық ретпен құрылуы. Әдеби материалдардың мазмұны мен көлемі, бағдарламада көрсетілген мақсат – міндеттерге сәйкестігі. Пәнаралық байланыстың, сыныптан тыс оқу мазмұнының, тіл дамыту жұмыстарының бағдарламада көрсетілуінің мәні.

Х-ХІ сыныптардағы тарихи-әдебиеттік курстың базалық білім курсымен (Ү-ІХ) тығыз сабақтастығы. Әдебиеттің тарихи курсының аталған сыныптарда кезең-кезеңімен белгілі бір хронологиялық жүйеде оқытылатыны. Базалық білім курсынан тарихи-әдебиеттік курсқа өту процесінде әдеби білім көлемінің бірте-бірте ұлғая, күрделілене түсетіндігі. Ақын-жазушының өмірі мен шығармашылығын тануда жеке шығармаларды идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне сай саралап, жан-жақты талдаудың тиімділігі. Көркем шығарманы оқып талдауда қалыптасатын әдеби – теориялық ұғымдар мен түсініктер. Қазақ әдебиетін басқа ұлт әдебиетімен салыстыра оқытудың қажеттілігі, осы мәселенің бағдарламада көрсетілуі.

Бағдарлама мазмұны мен оқытуға қойылған талаптардың оқулықтардан орын алуы. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерге арналған әдебиет оқулықтары, олардың мазмұны, оқу материалдарын іріктеп алуда ұстанған дидактикалық принциптері. Хрестоматия мен оқулықтың өзіндік ерекшеліктері, мазмұны, әдістемелік аппараты. Олардың педагогика, психология, оқыту әдістемесі ғылымдарының соңғы жетістіктеріне сай жетілдіріліп, толықтырылып отыратыны. Оқулыққа енгізілген шығармалардың оқушылардың жас ерекшелігіне, оқырмандық қызығушылығына, оқытудың жаңа технологияларына сәйкестендірілуінің маңызы. Оқулыққа көмекші оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулардың, сериялы ғылыми-әдістемелік, ғылыми – танымдық, анықтамалық әдебиеттердің оқушыға әдеби білім берудегі орны.

Көркем шығарманы оқытудың кезеңдері мен жолдары, олардың ғылыми-әдістемелік негіздері

Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы оқытудың өз реті, кезеңдері бар екені: кіріспе, мәтінмен жұмыс, қорытынды сабақтар.

Кіріспе жұмыстар мен кіріспе сабақтардың мазмұны мен шығарманы меңгертудегі орны. Олардың жаңа тақырыпты түсіндірудің кілті екендігі. Кіріспе жұмыстар мен сабақтарға бөлінетін уақыт. Орталау және жоғары сыныптарда өткізілетін кіріспе сабақтардың негізгі айырмашылығы. Кіріспе сабақтарды жүйелеу. Лирикалық шығармаларды оқыту барысында оның жанрлық спецификалық ерекшеліктеріне сай өткізілетін кіріспе жұмыстар мен сабақтар. Ақын-жазушылардың өмірбаянына қатысты және монографиялық тақырыптар бойынша жүргізілетін кіріспе сабақтар. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде сөздік жұмыстың кіріспе сабақтарының басты элементі болатыны. Сөздік жұмыстың түрлері. Сөзге жасалатын лингвистикалық және семантикалық талдаудың әдістемесі.

Көркем шығарманы оқу мен талдау. Шығарманы оқытудың түрлері. 5-8 сыныптарда мәтінді мұғалім мен оқушының қатар оқуы. Үйде оқудың нәтижелі болуына тиімді болатын тапсырмалар.

Оқуға алынған шығармадан өрісті білім беру сол шығарманы жан-жақты қарастыру кезінде іске асырылып отырылады. Талдау жұмыстары оқушыны шығарманың ішкі мазмұнына жетелейді, жазушының қойған мәселелерін түсінуге, оның ой-сезімдеріне ортақтасуына мүмкіндіктерді туғызады. Оқушының шығарманы эстетикалық мұра ретінде қабылдауы мен аналитикалық ақыл- ойын жетілдіру дәрежесінің ұштастығы. Талдаудың негізгі жолдары, әдіс - тәсілдері, басты элементтері..

Талдаудың мақсатына жету әдістің санына байланысты емес, мұғалімнің әдістеме ғылымы мен тәжірибесіндегі талдаудың жолдарын шығарманың тақырыптық, мазмұндық, көркемдік ерекшеліктеріне үйлестіре ала білгендігінде. Образ бойынша талдау, тұтас талдау, проблема қойып талдау жолдарының ерекшеліктері. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде салыстыра талдауды қолданудың мәні, түрлері мен әдіс- тәсілдері.

Көркем шығарманың сыныптар жүйесі бойынша белгіленген әдеби білім көлеміне сай талдау арқылы жүзеге асатыны. Әдеби- теориялық ұғымдарды меңгерту мақсатында атқарылатын жұмыстар. 5-9 сыныптарда және 10-11 сыныптарда әдебиеттен берілетін әдеби-теориялық ұғымдар. Көркем туындыны талдаудың жаңашыл технологиясы.

Қорытынды сабақтарда алдыңғы сабақтарда атқарылған істерді жинақтап қорыту, оқушылардың тақырып бойынша естіп-білгендерін бекіту, тереңдете түсу мақсаты қойылады. Мұғалімнің қорытынды сөзі, оқушыларға берілетін тапсырмалар олардың білімдерін тереңдете түсуді, шығарманың жаңа бір қырларын көрсетуді, идеялық-көркемдік өзгешілігіне назарларын аударуды көздейді. Мұндай сабақтарда оқушылардың шығармашылық тапсырмаларын орындауларына ықпал ету, сөздік қорын молайту, ой-өрісін кеңейту мәселелері де өз шешімін тауып отырады. Шығарманы оқып талдауға, жинақтауға арналған сабақтарда басқа тілді мектеп оқушыларының әдеби білімдерін ескеріп отырудың қажеттілігі. Қорытынды сабақтарда өткізілетін жазба жұмыстардың орны.

Көркем шығарманы жанрлық ерекшелігіне сай оқыту әдістемесі

Қазақ тілінде оқытпайтын мектепте эпикалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшеліктері. Эпикалық шығармаларды оқудан өткізу жолдары. 5-8, 9-11 сыныптарда эпикалық шығармаларды талдаудың талаптары. Эпикалық шығармаларды сюжеттік, композициялық қырларының негізінде талдау түрлері, тиімділігі. Образдық талдаудың ұтымды жақтары, әдіс- тәсілдері, эстетикалық, тәрбиелік, әлеуметтік мәні. Проблемалық талдау, проблемалық сұрақ. Эпикалық шығармаларды оқытуда автордың позициясын көрсете білу, оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, шығармашылық тапсырмаларды орындауға бейімдеу мәселелері.

Эпикалық шығарманың мән- мақсатын меңгертуде сюжет пен композиция, образдар жүйесі, эпизод, детальдер талдауға алынып, осы жолдағы сұрақтар мен тапсырмалар алдын ала әзірленуге тиісті.

Лириканы оқыту. Лириканың көркемдік табиғаты мен оны оқып- талдаудың өзара сабақтастығы жөнінде. Мектеп бағдарламасы ұсынған лирикалық шығармалардың тақырыптық жүйесі. Оларды 5-6, 7-9, 10-11 сыныптарда оқытудың ерекшеліктері, тиімді жолдары. Лирикалық шығармаларды теориялық жағынан оқытып, үйретудің әдістемелік мәні, оқушылардың қызығушылығын, эстетикалық сезімдерін жетілдірудегі орны. Лирикалық шығармаларды оқытуда музыканы, суретті, актерлардың оқығандары жазылған үн таспаларды пайдаланудың тиімділігі. Лирикалық шығармаларды оқытуға байланысты орындайтын шығармашылық жұмыстардың қайсы болмасын оқушылардың эстетикалық сезімдерінің дамуына ой түрткі болып, олардың тіл көркемдігіне назар аударуына, көзқарастарының жетілуіне, дұрыс сөйлеп, өз ойларын толық жеткізе білулеріне бағытталады.

Драмалық шығармаларды оқыту. Әдеби шығармалардың ішінде драманың өзіне тән жанрлық ерекшелігі, қызметі болатыны жөнінде. Оқушыларды драмалық шығармалардың заңдылықтарымен таныстырудың күрделілігі. Бұл шығармаларды оқытуда кіріспе сабақтардың алатын орны, түрлері. Драмалық шығармаларды оқып талдаудың тиімді әдіс- тәсілдері, көркемдік компоненттерін қарастырудың жолдар, шығармашылық тапсырмалардың түрлері. Драмалық жанрға қатысты әдеби-теориялық ұғымдарға назар аударудың мәні (акт, көрініс, монолог, диалог, ремарка, тартыс т.б.) Оқуға алынған шығармадан өрісті білім беру сол шығарманы жан-жақты қарастыру кезінде іске асырылып отырылады. Талдау жұмыстары оқушыны шығарманың ішкі мазмұнына

жетелейді, жазушының қойған мәселелерін түсінуге, оның ой-сезімдеріне ортақтасуына жол ашады.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың әдіс – тәсілдері.

Сабақ мақсаты мен мазмұнын іске асырудағы әдіс-тәсілдердің тиімділігі. Қазақ әдеби шығармаларын оқыту саласында әдіс-тәсілдер алғаш рет Ы. Алтынсариннің еңбектері мен тәжірибесінде орын алғандығы. Педагог баланың мәтінді түсініп оқуына үлкен мән беріп ол үшін сабақ бойында түсіндірмелі оқу, сөздік жасау, оны мазмұндау үстінде қолданып отыру, мәнерлеп оқу, жатқа оқу сынды әдіс- тәсілдерді қолданғаны.

Әдіс және тәсіл, олардың өзара сабақтастығы, көп түрлілігі. Әдістерді жіктеп, жүйелеп зерттеудің тәжірибесі. Оқыту әдістер жүйесін М.Н.Скаткин мен И.Я. Лернердің бес топқа бөліп қарастырғаны. Әдебиетті оқыту әдістерін әдіскер- ғалым В.В.Голубков оқу әдістері, зерттеу, практикалық деген топтарға бөлгендігінің ғылыми-тәжірибелік негізі.

Орта мектепте әдебиетті оқып талдаудың соңғы жылдарда төрт түрлі әдістердің негізінде жүргізілетіні. Бұл жүйенің авторы әдіскер - ғалым Н.Я.Кудряшовтың ұстанған әдістемелік принциптері.

Әдеби оқу әдісі (творчестволық оқу әдісі). Бұл әдістің шығарманы алғаш оқыту барысында қолданылатыны. Басқа тілді мектептердің оқушыларының көркем шығарманы оқып түсіну, қабылдау ерекшеліктері. Оқушының тақырыпқа қызығушылығын ояту осы әдістің негізі мақсаты. Әдістің жекеленген тәсілдері. Шығарманы оқытуда балалардың назарын бейнелі сөзге аудару, сөзді тыңдауға, одан әсер алуға, оны бағалай білуге, дұрыс сөйлеуге дағдыландырудың жолдары.

Талдау әдістері (эвристикалық әдістер). Шығарманы талдауда эвристикалық әңгіменің, сұрақтарға жауап тауып беру, кейіпкерлер топтарын қарастыру, оларға мінездеме беру, өз пікірлерін айтқызу сынды т.б. тәсілдердің мәні. Шығарма мәтініндегі тілдік, көркемдік, адамгершілік, қоғамдық- әлеуметтік, философиялық мәселелерді танытудың жолдары.

Зерттеу әдісі. Зерттеу әдісінің мақсаты- шығарманың күрделі жақтарын оқушыларға жеткізу, олардың ізденушілік қабілетін, көркемдік талғамын дамыту. Зерттеу әдісінің тәсілдері, олардың күнделікті қолданыла бермейтіндігі. Проблемалық талдау тәсілдерінің оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге, ғылымға бейімдеудегі қызметі.

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіске тән тәсілдер, тапсырмалар, олардың тиімділігі. Репродуктивтік әдіспен жұмыс істеу барысында оқушыларға берілетін шығармашылық тапсырмалардың түрлері.

Аталған оқыту әдіс-тәсілдердің тиімділігі әр сабақтың мазмұны мен мақсатына, балалардың жас ерекшелігіне, сөздік қорына, қазақ тілін меңгеру дәрежесіне байланысты болатыны.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті сабақтары

Сабақ- оқыту процесінің негізгі түрі. Дәстүрлі сыныптық- сабақтық жүйе, оның негізгі ерекше белгілері. Сабақты әзірлеп өткізудегі мұғалімнің жетекші рөлі. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті сабақтарының ұлттық мектептердегі әдебиет сабақтарынан айырмашылығы, мақсаттары мен міндеттері. Сабақтың типтері, басты элементтері, олардың өзара байланыстылығы. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті сабақтарында қолданылатын көрнекіліктердің түрлері, қосымша дидактикалық материалдардың тиімділігі, оларды пайдаланудың әдістемелік жолдары. Сөздік жұмыс, оның түрлері, шығарманы оқып талдау кезеңіндегі және оқушының сөздік қорын молайтудағы орны.

Сабақта өтілетін көркем шығарманы алдын-ала жоспарлаудың оқушының жүйелі әдеби-эстетикалық түсінігін қалыптастырудағы рөлі. Күнтізбелік, тақырыптық сабақ жоспарларын жасау әдістемесі. Тақырыптық жоспар және сабақ жоспарларының құрылымы. Сабақ түрлері. Жаңа сабақ, қайталау, тексеру, бекіту сабақтары. Дәстүрлі

емес сабақтар: саяхат, баспасөз, сайыс, сот, дуэт, кітапханалық, мұражайда өтетін сабақтар т.б. Мұғалімнің сабаққа әзірлігіне қойылатын талаптар.

Оқушы білімін есепке алу мен бағалау. Әдебиет сабақтарында білім беру мен бағалаудың біртұтастығы. Оқушы білімін бағалаудың шығармашылық сипаты. Оқушы білімін бағалаудағы күнделікті бағалау мен қорытынды бағалаудың мәні. Білімді әділ бағалаудың оқушының моральдық-психологиялық тұрпатын қалыптастыруға жасайтын әсер-ықпалы.

Үйге тапсырма беру, оны тексеріп бағалаудың критерийлері. Тапсырманың түрлері. Оқушының білім сапасының тоқсандық, жылдық көрсеткіштері негізінде бақыланатыны. Оқушы білімін есепке алу мен бағалаудағы мұғалім жауапкершілігі.

Әдебиет сабағының көрнекілігі. Әдебиет сабақтарында көрнекіліктерді пайдаланудың мақсаты. Көрнекіліктерді сыныпта, сыныптан тыс жұмыстарда, факультативтік сабақтарда пайдаланудың елеулі айырмашылықтарының болатыны. Мұғалімнің көрнекіліктерді сыныпта әдеби білім берудің мақсатына орай таңдап алатыны. Көрнекіліктердің түрлері (көру, есту, синтетикалық, т.б.) және олардың пайдаланудың тәртібі.

Сабақта пайдаланылатын техникалық құралдардың түрлері, олардың әрқайсысының қызметі. Сабақта көрнекіліктер мен техникалық құралдарды тіл дамыту мақсатында пайдаланудың жолдары.

Қазақ әдебиеті сабағындағы тіл дамыту жұмыстарының түрлері мен әдістемесі

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстарының мән-мақсаты, ғылыми-әдістемелік негізі, ерекшелігі. Тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде пәнаралық байланыс қызметінің маңызы. Мәнерлеп оқу, ауызша мазмұндау, жатқа оқу жұмыстарының оқушы тілін дамытудағы рөлі. Әртүрлі жанрдағы шығармаларды оқыту үдерісінде оқушыларды жеке сөздермен, сөз тіркестерімен, сөйлемдермен, жұмыс істей білуге баулудың жолдары.

Оқушының тілін дамытудағы жазба жұмыстардың алатын орны. Шығарма жазу арқылы оқушының аналитикалық ойлау жүйесінің қалыптасатыны. Жазба жұмыстарының түрлері, әдістемесі. Оқушыны шығарма жазуға үйретудің әдістемелік тәжірибелері. Мазмұндама, эссе, пікір жаздырудың жолдары. Олардың оқушының әдеби материалды есте сақтау қабілетін дамытуға және жүйелі түрде бейнелі сөйлеу тілін қалыптастыруға тигізетін әсері.

Ү-ҮІІ және ҮІІІ-ІХ сыныптарда шығарма жаздыру жұмыстарының ерекшеліктері. Көркем туындының негізінде жазылатын және еркін тақырыптағы шығармалардың әдістемесі. Х-ХІ сыныптардағы тақырыптық, бағдарламалық, шығармашылық, публицистикалық шығарма түрлері. Шығарманың оқушының жазу тілін қалыптастыруға әсер-ықпалы.

Қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарда қазақ әдебиетіне байланысты тіл дамыту жұмыстарын жетілдіру бағытындағы тәжірибелік жетістіктерден үйренудің маңыздылығы.

Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар.

Қазіргі кезеңде әдебиетті жаңа педагогикалық технологиямен оқытуда қолданылатын әдістер, олардың мақсаты, дидактикалық, әдістемелік мәні, жоғарыда айтылған әдістер жүйесімен сабақтастығы. Ұжымдық оқыту, дамыта оқыту, сындарлы оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясын, ақпараттық технологияны қолданудың кезеңдері мен әдіс-тәсілдері. Жаңа технологиямен оқытуда баланы көркем шығармамен таныстыра отырып, оның өз бетінше жұмыс істеу талдау, салыстыру, жинақтау, әдеби тілмен жеткізе білу дағдыларын дамыту, ой еркіндігін,

белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету жолдары. Ақпараттық технологияны пайдаланудың дидактикалық мәні.

Сыныптан тыс жұмыстар мен сыныптан тыс оқуды ұйымдастырып өткізу жолдары.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәні бойынша өткізілетін сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты мен міндеттері. Олардың түрлері, өткізу жолдары, сабақ тақырыптарымен, оқушының оқырмандық қызығушылығымен байланыстылығы. Сыныптан тыс жұмыстарды өткізудегі ақпараттық технологияны пайдаланудың мәні. Сыныптан тыс оқуға арналған оқу материалының бағдарламалық мәні, басқа халықтар әдебиеті сабақтарымен өзара байланыстылығы. Оқушылардың өз беттерімен қазақ әдебиеті шығармаларын оқуына басшылық жасаудың типтік формалары. Сыныптан тыс оқуды бақылау мен бағалаудың түрлері, тиімді жолдары, тәсілдері. Сыныптан тыс оқуға байланысты сабақтардың әдістемесі.

Семинар сабақтарының тақырыптары

1. Көркем шығарманы оқып-талдау жүйесін қалыптастыруға, басқа тілді мектептерде көркем шығарманы оқытудың жолдарын анықтауға Ы. Алтынсариннің қосқан үлесі.
2. Қазақ әдебиетін оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқытудың даму кезеңдері.
3. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін түпнұсқада оқытудың мақсаты мен міндеттері, дидактикалық мәні, ғылыми-әдістемелік негіздері.
4. Мектептегі әдебиет курсының екі сатыға бөлінуі. V-IX сыныптардағы әдеби оқудың негізгі принциптері және X-XI сыныптарда әдебиетті оқытудың ерекшеліктері.
5. Әдебиет пәні бағдарламасының мемлекеттік құжат ретіндегі қызметі, қоғамдық мәні.
6. Әдебиет оқулықтары мен оқу құралдары. 5-8 және 9-11 сынып оқулықтарының мазмұны мен ғылыми-әдістемелік аппараты. Қосымша оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулар.
6. Әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдері.
7. Халық ауыз әдебиетінің түрлерін оқыту әдістемесі
8. Эпикалық шығармаларды оқыту жолдары.
9. Лирикалық шығармаларды оқып талдаудың ерекшеліктері.
10. Драмалық шығармаларды оқытудың оқушыларға білім беріп, білік пен дағды қалыптастырудағы орны.
11. Көркем шығарманы орта мектепте оқытудың реті, кезеңдері, оларды өткізудің психологиялық негіздері.
12. Кіріспе сабақтар, олардың мақсат-міндеттері, көлемі, өткізу жолдары.
13. Көркем мәтінмен жұмыс істеу кезеңі. Оқу, талдау жұмыстары, оларға қойылатын талаптар.
14. Әдеби-теориялық ұғым-түсініктерді оқыту жолдары.
15. Әдебиет сабақтарының ерекшеліктері, түрлері мен типтері Дәстүрден тыс сабақтар.

Студенттің оқытушымен бірлесе жасалатын өзіндік жұмысының (СОБЖ) үлгі тақырыптары

1. 1960-1990 жылдардағы қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің даму ерекшеліктері.
2. Оқыту үдерісін қоғам талабына сай іске асырудағы әдістемелік басылымдардың атқаратын рөлі (тиісті журналдарды саралап шығудың нәтижелеріне негіздеу).

3. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.
4. Оқулықтар мен хрестоматиялардың жаңаша оқытуға бағытталғандығы.
5. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиеті сабақтарының мақсаты мен міндеттері, түрлері.
6. Кіріспе сабақтарында қолданылатын көрнекіліктердің түрлері.
7. Жаңа тақырыпты бекіту мақсатындағы сабақтарды өткізу ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері.
8. Қайталау сабақтарында оқушылардың орындайтын шығармашылық жұмыстары мен тапсырмалары.
9. Дебат, диспут сабақтары.
10. Қорыту сабақтарының мақсаты, әдістемесі.
11. Әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерудің жолдары.
12. Көркем шығарманы оқудың түрлері, ерекшеліктері.
13. Сөздік жұмыстың түрлері, өткізу жолдары.
14. Дәстүрлі емес қойылым, концерт, саяхат, конференция түріндегі сабақтардың әдістемесі
15. Тіл дамыту жұмыстарының күрделі және қосалқы түрлері.
16. Деңгейлік тапсырмалардың түрлері, оларды тексерудің жолдары.
17. Озық тәжіпібелерді меңгерудегі сабақ талдаудың алатын орны.
18. Прозалық шығармаларды талдаудың негізгі жолдары.
19. Лирикалық шығармаларды меңгеруде мәнерлеп оқудың алатын орны, мәнерлеп оқуға дағдыландыру жолдары.
20. Оқушыларды қазақ ақын-жазушыларының өмірбаяндарымен таныстырудың жолдары.
21. Прозалық шығармаларды оқыту әдістемесі.
22. Драмалық шығармаларды оқытуда көрнекі және техникалық құралдарды пайдалануға қойылатын талаптар.
23. Прозалық шығармалар мен лирикалық шығармалар бойынша өткізілетін кіріспе сабақтарының өзіндік ерекшеліктері.
24. Лирикалық шығармалар бойынша өткізілетін сабақтарда оқушыларға берілетін тапсырмалардың түрлері, оларды тексерудің жолдары.
25. Сатылай талдаудың мақсаты.
26. Жоғары сыныптардағы әдебиет сабақтарында орындалатын шығармашылық жұмыстар мен тапсырмалар.
27. Оқыту мен бағалаудың бірлігі. Оқушы білімін бағалаудың түрлері.
28. Әдеби кейіпкер бейнесін талдау.
29. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде салыстыра оқытудың орны.
30. Сыныптан тыс оқу сабақтарын өткізудің әдістемесі.

Студенттің өздік жұмысының (СӨЖ) үлгі тақырыптары.

1. Әдебиетті оқыту әдістемесінің психология, педагогика, әдебиет тарихы, эстетика, тіл ғылым салаларымен, қоғам талаптарымен байланыста дамуы.
2. Республикамыздағы орыс мектептерінде қазақ әдебиетін оқытудың қалыптасу, даму тарихы.
3. Қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде оқыту жөніндегі пікірлер мен түрлі көзқарастардың болуы (әдістемелік еңбектер мен баспасөз материалдарына шолу негізінде).
4. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің жаңа мазмұны мен құрылымы.
6. Әдебиетті оқыту әдіс- тәсілдері жөніндегі көзқарастар мен оларды жүйелеу мәселесі жөніндегі еңбектер.

7. Әдістемелік құралдар мен нұсқаулардағы оқушылардың көркем шығармаға қызығушылығын арттыру мәселелері.
8. Әдебиет сабақтарының түрлері (берілген тақырыптар бойынша сабақ жоспарын жазып келу).
9. Прозалық шығармаларды талдау (мұғалімдердің озық тәжірибесінің негізінде сабақтарға талдау жасау).
10. Лирикалық шығармаларды мәнерлеп оқу әдістемесі.
11. Драмалық шығармаларды оқытуға арналған сабақ жоспары.
12. Жазба жұмыстар жөніндегі ғылыми- әдістемелік ұсыныстар.
13. Әдебиет сабақтарында көрнекіліктерді тиімді пайдалануға қойылатын талаптардың жолдары.
14. Әдебиет сабақтарының ерекшеліктері.
15. Әңгімелерді оқытудың әдіс- тәсілдері.
16. Айтысты оқыту мәселелері.
17. Әдебиет сабағын талдауға қойылатын талаптар.
18. Сыныптан тыс оқу сабақтары.
19. 5 сынып оқушыларының мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.
20. 5-8 сыныптарда лириканы оқыту әдіс-тәсілдері.
21. Мақал-мәтелдерді оқытуда берілетін деңгейлік тапсырмалар.
22. Абай шығармаларын жаңа технологиямен оқытудағы Қ.Бітібаеваның тәжірибесінің мәні.
23. Интерактивтік тақтаны қолдану кезеңдері.
24. Прозалық шығармаларды оқытуда топтық әдісті қолдану жолдары
25. 5-8 сыныптарда өткізілетін жазба жұмыстардың әдістемесі.
26. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде ежелгі дәуір әдебиетін оқыту.
27. Қазақ ертегілерін оқыту әдістемесі.
28. 5-6 сыныптарда әңгімелерді оқып талдау жолдары.
29. Әдеби кейіпкер бейнесін талдауда интерактивтік тақтаны қолдану.
30. Сабақты қортындылауда қолданылатын тірек сызбалардың түрлері.

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәні бойынша бірінші аралық бақылау тапсырмалары.

1. Қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде оқытудың басты мақсаты мен міндеттері.
2. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің басқа ғылым салаларымен байланысы, салалары, зерттеу әдістері жөніндегі еңбектерге шолу.
3. XX ғасырдың 60- жылдары оқу орыс тілінде жүретін мектептер үшін жасалған алғашқы бағдарламалары мен оқулықтарының мақсаты мен мазмұны.
4. Қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде түпнұсқада оқыту ісінің қалыптасуы.
5. Оқу пәнінің мазмұны. (оқу бағдарламасының негізінде)
6. Оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулардың мазмұны, оқу үдерісіндегі орны.
7. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың өзіндік ерекшеліктері, психологиялық сатылары.
8. Кіріспе сабақтардың мақсаты, түрлері, әдістемелік жолдары.
9. Көркем шығарманы талдау жолдары.
10. Қорытынды сабақтардың мақсаты, өткізу кезеңдері, оқушының шығармашылық белсенділін арттырудың амалдары.

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәні бойынша екінші аралық бақылау тапсырмалары

1. Әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдері. Әдістерді жүйелеу мәселесі.
2. Әдебиет сабақтарының ерекшеліктері. Сабақ мақсаты, түрлері, олардың кезеңдері.
3. Эпикалық шығармаларды оқытуға арналған сабақтарды жоспарлап өткізудің дидактикалық және әдістемелік ұстанымдары.
4. Лириканы оқытудың ерекшеліктері. Сабақтарды ұжымдық оқыту, топтық оқыту, дамыта оқыту негізінде өткізудің жолдары.
5. Әдебиет сабақтарында ақпараттық жүйені қолдану.
6. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті сабағында сөздік жұмысты өткізудің мәні, әдіс-тәсілдері.
7. Әдебиет пәні бойынша өткізілетін жазба жұмыстардың түрлері, әдістемесі.
8. Көрнекі құралдардың түрі, мақсаты пайдалану жолдары.
9. Тіл дамыту жұмыстарын өткізуде жаңа технологияны қолдану.
10. Сыныптан тыс жұмыстар мен сыныптан тыс оқудың әдістемесі.

ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ

Негізгі әдебиет

1. Оқу орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде жүретін жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарына арналған қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасы. Алматы, 2001.
2. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1985.
3. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1969.
4. Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1987.
5. Әбілқасымова К. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың теориялық негіздері. Алматы: Білім, 2010.

Қосымша әдебиет:

1. Орешникова И.М. Абай в русской школе. Алматы: Мектеп, 1968.
2. Дайырова Ә. Орта мектепте І.Жансүгіров творчествосын оқыту Алматы: Мектеп, 1969
3. Никольский В.Н. Методика преподавания литературы в средней школе. Москва: Просвещение, 1972.
4. Қалиев С. Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту Алматы, 1974.
5. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1979.
6. Русская и родная литература. /Под ред. Шанского Н.М. Москва: Просвещение, 1981.
7. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1981
8. Кудряшов Н. Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы. Москва: Просвещение, 1981.
9. Взаимосвязь восприятия и анализа художественных произведений в процессе изучения литературы в школе. /Под ред. О.Ю.Богдановой. Москва: Просвещение, 1984.
10. Сатпаева Ш.К., Адибаев Х.А. Методическое руководство к учебнику «Казахская литература для IX-X классов русской школы» Алматы: Мектеп, 1986.
11. Шейман Л.А. Стимулирование самостоятельного чтения школьников. Фрунзе: Мектеп, 1986.
12. Программа по казахской литературе для 9-10 классов русских школ. Алматы, 1989

13. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. –Москва: Просвещение, 1989. -303с. Беспалько В.П.Слагаемые педагогической технологии. Москва, 1989.
14. Дулатов М. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1991. -384б.
15. Абылкасымова К. Моделирование содержания казахской литературы для 5- 6 классов русской школы. Автореф. дисс. канд. пед. наук. Алматы, 1992.
16. Жуанышбеков Н.О. «Маргинальная литература и ее роль в образовании». Алматы, 1992
17. Бес арыс. /Құрастырған Д.Әшімханов. –Алматы: Жалын, 1992. -554б.
18. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. -448б.
19. Ақшолоақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы: Рауан, 1994.
20. Аймауытұлы Ж. Психология. –Алматы: 1995. -312б.
21. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995
22. Әуезов М. Таңдамалы. Монография, зерттеулер, мақалалар, сөздер, баяндамалар, хаттар. –Алматы, 1997. -510б.
23. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. -Алматы: Білім, 2000. -76б.
24. Педагогическое мастерство и педагогические технологии /Под ред. Л.К.Гребенкиной, Л.А. Байковой.- Москва, 2000.
25. Бағдарламалар. Қазақ тілі мен әдебиеті. Орыс тілінде жалпы білім беретін мектептің 5-7 сыныптарына арналған. –Алматы, 2003. -30б.
26. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. - Алматы: Білім, 2003. -280б.
27. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. Алматы: Мектеп, 2003.
28. Божович Е. Психология личности. –М., 2003.
29. Жұмажанова Т.Қ, С.Дүйсебаев. Қазақ әдебиетінің әдістемесі. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 9 сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының әдістемелік құралы. Алматы: Білім, 2003.
30. Әбілқасымова К. Әрінова Б. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ әдебиетін оқыту. Алматы: Білім, 2005.
31. Құрманбаева Г.С., Оразбаева, Ф.Ш., Рауандина А.Қ. Әдебиет. Оқу кітабы. Орыс, ұйғыр, өзбек мектептерінің 5 сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Білім, 2005. -100б.
32. Әбілқасымова К., Мақырұлы С., Әрінова Б. Қазақ әдебиеті. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 6 сыныбына арналған оқулық. 5 - басылымы. –Алматы: Білім, 2006. -112б.
33. Адамбаева Ж., Дәулетбекова Ж., Әбішева Н. Қазақ әдебиеті. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Білім, 2006.-112б.
34. Құрманбай Г., Рауандина А. Қазақ әдебиеті. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 8-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Білім, 4-басылымы. 2006. -120б.
35. Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. –Алматы:Өлке, 2007.
36. Әбілқасымова К., Жұмажанова Т. Әдебиет пәні бойынша студенттерді педагогикалық іс-тәжірибеден өткізу. Алматы, 2009
37. Кукушин, В. С. Введение в педагогическую деятельность. –Ростов-на-Дону: Феникс, 2010.– 256
38. Мырзагельдинова Ұ. Жаңа технологияны пайдалану жолдары. //Қазақ тілі мен әдебиеті, №11, 2012.
39. Бітібаева Қ. Мектепте Абайды оқытудың жаңашыл технологиясы. Алматы: Дәуір, 2012.

40. Сүлейменова Г. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану. //Қазақ және әлем әдебиеті, №6(60), 2013.

Нормативті құжаттар:

1. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. Алматы, 2000.
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Астана, 2006.
3. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010 ж.

Авторлары:

Әбілқасымова Күлтай – п. ғ. к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ